



● **МЕМОРАНДУМ**



Үш жақты

келісімге қол қойды

Айбек
КӘДІРҰЛЫ

«Еуразиялық топ» ЖШС-і, «Атамекен» Ұлттық кәсіпкерлік Палатасы мен Қостанай облысының әкімдігі өңірдегі шағын және орта кәсіпкерлікті дамыту мен бірқатар әлеуметтік жобаларды жүзеге асыру жөніндегі қарым-қатынастық үш жақты келісімге келді. Алдымен маңызды құжатқа облыс әкімі Архимед Мұхамбетов пен «Евразиялық топ» ЖШС басқарма төрағасы Алдияр Қазтаев қол қойды. Сондай-ақ, «ERG» менеджерлер кеңесінің төрағасы Александр Машкевич пен «Атамекен» Ұлттық

кәсіпкерлік Палатасының басқарма төрағасы Абылай Мырзахметов ортақ келісімге өз мөрлерін басты.

Былд Еуразиялық топ облыстың әлеуметтік дамуы мен бұқаралық спортты қолдауға 1 млрд 300 млн.теңге қаржы бөлуге ниет білдіріп отыр.

Меморандум аясында бірқатар экономикалық, әлеуметтік және мәдени жобаларды іске асыруға басымдық берілген. Қалыптасқан тәжірибиеге сәйкес, ERG дене шынықтыру мен спортты дамытуға белсенді үлес қосып келеді. Үстіміздегі жылы едәуір сома жергілікті спорт ұйымдарына көмек ретінде ұсынылады. Атап айтқанда, хоккей, волейбол, дзюдо, футбол тәрізді спорт түрлерін

дамытуға бағытталмақ.

Облыс әкімі А.Мұхамбетовтың айтуынша, жоғарыда аталған соманың 700 млн.теңгесі Рудныйдағы «Горняк» хоккей клубын ұстауға, Қостанайдағы орталық стадион мен Аркалықтағы «Жігер» стадионын күрделі жөндеуден өткізуге, Аманкелді ауданындағы тарихи музейді жөндеуге жұмсалмақ. Сондай-ақ, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық саласына қомақты қаржы берілмек. Яғни, Рудный, Лисаков қалалары мен Качар кентінде көп пәтерлі бес үй бой көтеретін болады.

Суретті түсірген Бағдат АХМЕТБЕКОВ.

3-бет.

● **ОБЛЫС ӘКІМДІГІНДЕ**

Жайбасарлық жараспайды

Нұрболат
МЕШІТБАЕВ

Өңір бойынша жылу және су құбырларын жаңарту жұмыстарын жеделдету мақсатында 2015-2016 жылдары 150 млрд. теңгеге жуық қаржы қарастырылған. Оның 60 млрд. теңгесі өткен жылдың еншісінде болса, биыл 90 млрд. көзделіп отыр.

Бұл жайында облыстық

энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы басқармасының басшысы Қайдар Қамбаров әкімдіктің кеңейтілген мәжілісінде мәлімдеді.

Елбасы Н.Назарбаев «Нұрлы жол – болашаққа бастар жол» атты халыққа Жолдауында тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығын (ТКШ) жаңғыртудың инфрақұрылымын дамытуға баса назар аударды. Соның негізінде 2015 жылы «Нұрлы

жол» бағдарламасы қабылданып, жер-жерде ТКШ дамыту қолға алына бастады.

Бұл қаржыландыру жобаларының бір түрі бюджет есебінен несиелендіру. Нақтырақ айтсақ, табиғи монополиялар нысанына республика бюджетінен жергілікті атқарушы органдар ғана бюджеттік несиендіру береді. Оның мерзімі – 20 жыл, жеңілдік кезеңі – 6 жыл, пайыздық мөлшерлемесі – 0,02%-ды

құрайды. Әрине, мұның табиғи монополиялық нысандарды жаңғыртуға көп көмегі тиері анық.

Қайдар Жабықбайұлы өз баяндамасында қала, аудандардағы ТКШ жаңғыртуға қатысты бірнеше өзекті мәселелерге тоқталды. Соның біраз дерлігі жобалық-сметалық құжатын әлі тапсырмауда. Әсіресе, Қостанай, Лисаков қалалық әкімдігі мен Жітіқара және Қостанай ау-

даны әлі де құжаттарын кешкітіруде.

– Өне-міне дегенше әрбір қаржы жобасына байқау жарияланатын уақытта таяп қалды. Ал, сіздердің жүрген жүрістеріңіз мынау, – деп өңір басшысы Архимед Мұхамбетов аталған мәселелерден әкімдерге тез арада қорытынды шығаруларын, жайбасарлық жараспайтындығын талап етті.

2-бет.

Жаңа тағайындау

Қазақстан Республикасы әділет министрінің 2016 жылғы 2 наурыздағы бұйрығымен Бауыржан Серікбайұлы Ерімбетов Қостанай облысы әділет департаментінің басшысы қызметіне тағайындалды.

Бауыржан Ерімбетов 1980 жылы Қызылорда облысының Новоказалинск қаласында дүниеге келген. Ұлты – қазақ. 2001 жылы Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетін заңгер мамандығы бойынша тәмамдаған. Алғашқы еңбек жолын 2003 жылы ҚР Президенті күзетінің әскери қызметінен бастады.

2008-2015 жылдары Ақтөбе облысы әділет департаменті басшысының орынбасары қызметін атқарды.

2015 жылдың тамыз айынан бастап бүгінге дейін Қазақстан Республикасы Премьер-Министрі Канцеляриясында қорғаныс және құқықтық тәртіп бөлімінің бас кеңесшісі болды.



Генерал рухына тағзым



Кенже ҚОНЫСБАЙ

Қостанайдағы ішкі істер академиясына 2014 жылдың 9-желтоқсанында Шырақбек Қабылбаевтың есімі беріліп, оқу орнының алдына ескерткіші орнатылған еді. Ш.Қабылбаев – мемлекет және қоғам қайраткері, Қазақ ССР-ның ішкі істер министрі, КСРО ІІД-нің еңбек сіңірген қызметкері. Осы академияның тұңғыш негізін қалаған да Ш.Қабылбаев.

Батыр атына берілген қара шаңырақта қайраткердің туған күніне арналған іс-шара ұйымдастырылды. Тыңдаушылар салтанатты сап түзеп, елімізге белгілі ақын Серікбай Оспанов пен танымал сазгер Қалибек Деріпсалдиннің Ш.Қабылбаевқа арнап жазған әні алғаш рет орындалып, академия маршы болып бекітілді.

Шараға өңірімізге танымал ақын-жазушылар қонақ болды. Олар: Ақылбек Шаяхметов, Серікбай Оспанов, Әсия Беркенова, Нағашыбай Мұқатов, Қалибек Деріпсалдин сынды өнер майталмандары.

Әскери оқу ордасының басшысы Мейірлан Қызылов ескерткішке гүл шоқтарын қойып, тағзым етті.

Іс-шараның екінші бөлімі академияның мәжіліс залында жалғасты. Онда батырдың туған-туыстары жолдаған естеліктер мен қазақ әдебиетінің көрнекті жазушылары сыйға тартқан Ш.Қабылбаевтың жеке кітапханасы ұйымдастырылған. Кітап сөресіне қазақ халқының біртуар қаһарманы Бауыржан Момышұлы, белгілі жазушы Сәбит Мұқановтың қолтаңбасы бар кітаптар қойылған. Сонымен қатар, әнші, жазушы, қазақ КСР-інің еңбек сіңірген өртісі Жәнібек Көрменов Шырақбек Қабылбаевқа тарту еткен домбыра көрменің сәнін кіргізіп тұр.

Сондай-ақ, Қостанай облысының қаламгер тұлғалары академия шәкірттерімен тағылымды әңгіме тарқатып, адамгершілік, Отан алдындағы борыштың маңыздылығы мен батыр бабалар ерлігін насихаттады.

Суретті түсірген Айбек ЖҮЗБАЙ.

АЛТЫН АСЫҚ

Қой басы көбейіп келеді

Елімізде 2014 жылы бастау алған қой шаруашылығын дамытуға арналған "Алтын асық" мемлекеттік бағдарламасының берері зор.

Айталық, сол жылы Сарыкөл ауданында небары 52 бас қой сатып алынса, ал 2015 жылы 400-ге жетті. Сонда екі жылда олардың саны 500-ге жуықтады.

Атап өткен жөн, бұл мемлекеттік бағдарламаға Маяк, Комсомол, Тәгіл ауылдық округтеріне қарасты "Сычев", "Капанадзе", "Ташетов" және "Сильянов" сынды шаруа қожалықтары белсенді атсалысса, ал керісінше басқа ауылдар мүлдем қатыспаған көрінеді.

– Бұл бағдарламаның арқасында 89 қой, 3 қошқар және жайылымдық жер алдым, – дейді Маяк ауылында тұратын қожалық басшысы Григорий Капанадзе.

Жалпы, біздің қазақ: "Мал өсірсең, қой өсір, өнімі оның көл-көсір" – дейді. Сондай-ақ, бүгінде бұл салаға мемлекеттен қолдау да зор.

Руслан ӘЛКЕЕВ.

Сарыкөл ауданы.

КӨКТЕМ КҮНІ – ЖЫЛҒА АЗЫҚ

Қамданған қапы қалмайды

Облыс агроөнеркәсіп қызметкерлері кеңесінен кейінгі ой

Айбек КӘДІРҰЛЫ

"Көрінген тауда алыстық жоқ". Алты ай қыста бір тыным тауып көрмеген шаруалар енді алдағы дала жұмыстарының қамына қайта кірісті. Өйткені, өне-міне дегенше көктем де келді. Бұл мезгіл, әдетте, шаруалар үшін аса қарбалас шақ. Мал төлдетіп, дала жұмыстарына әзірлену ауылдағы ағайынның қашандағы айнымас міндеті.

Қостанайда облыс ауылшаруашылық тауар өндірушілерінің көктемгі егіс алдындағы дәстүрлі агрокеңесінде осындай қадау-қадау мәселелер талқыға түсті. Яғни, жауапты науқан алдындағы міндеттер сараланып, бұған дейін орын алған кемшіліктерді болдырмау қажеттігі айтылды.

Биік мінберден сөз алған облыс әкімінің бірінші орынбасары Ғауез Нұрмұхамбетовтың айтуынша, биыл өңір диқандары барлығы 4,7 млн. гектарға дәнді дақылдар сеппек. Бұл өткен жылғыдан 68 мың гектарға артық. Соңғы жылдары облыс басшылары майлы дақылдардың үлес салмағын арттыруды алдыңғы міндеттердің бірі етіп қойып жүр. Әсіресе, картоп, қырыққабат, қызанақ тәрізді көкөніс көлемі ұлғайтылды.

Өткен жылы ауа-райының қолайсыздық тудырғанына қарамастан шаруалар 5 млн. тоннаға жуық өнім алды. Биылғы меже де қомақты. Ол үшін Үкімет диқандарға барынша қолдау көрсетіп келеді. Мәселен, үстіміздегі жылы облыс ауылшаруашылық тауар өндірушілеріне мемлекет тарапынан "Азық-түлік корпорациясы" арқылы 4 млрд. 400 млн. теңге несиеленді. Бұл бұрнағы жылдармен салыстырғанда аз. Бірақ, қысылтаяң шақта барды қанағат етуге тура келеді. Әзірге облыс басшылығы қосымша қаражат көздерін іздестіріп келеді.

Архимед Мұхамбетовтың мәлімдегеніндей, жақын күндері Еуразиялық топ (ERG) пен "Атамекен" Ұлттық кәсіпкерлік Палатасы арқылы 2,7 млрд. теңгенің меморандумына қол қойылуы мүмкін. Оның үстіне өңір ауылшаруашылық саласына бөлінетін 18,1 млрд. теңге демеу-қаржының 5,4 млрд. теңгесі диқандарға бұйырғалы тұр. Көктемгі дала жұмыстарының алдында шаруаларға жеңілдетілген бағамен жанар-жағар май үлестіріледі. Оның бір литрі шамамен 91 теңгеге бағаланып отыр. Жалпы, біздің облысқа тиесілі 71 мың тонна сұйық отын шаруашылықтарға уақытылы жеткізіліп берілетін болды.

Облыс агроөнеркәсіп иелері үстіміздегі жылы 552,5 мың тонна тұқымдық астық құйып алған. Бұл көктемгі егіс науқанын кідіріссіз аяқтауға толығымен жетеді. Қазір қолдағы тұқым сапасы тексеріліп жатқан көрінеді. Тек, бұл шараға кейбір аудандар нақты көңіл бөлмей отырған сынайлы.

– Сапалы астық алу үшін жоғары сортты, таза тұқым пайдаланумен қатар, заманауи технологияларды қолдану бүгінгі күннің басты міндеті. Онсыз ештеңе де өнбейді. Көптеген шаруалар өлі күнге дейін гербицидтер мен минералды тыңайтқыштарды қолдануды білмейді. Соның салдарынан егін алқаптарын арам шөп басып, шығымы төмендеп кетеді, – деді облыс әкімі Архимед Мұхамбетов.

Бұдан өзге де қордаланған мәселелер жоқ емес. Мәсе-



лен, шаруаларға берілген несиелердің уақытылы қайтарылмауы себепті егіс жұмыстары толыққанды жүзеге аспаған. Аймақ басшысы ауылшаруашылық тауар өндірушілерінен барлық қарыз ақша өндіріліп алатындығын айтты, ал бұған кінәлілер жауапкершілікке тартылатын болады.

Оның сөзінше, облыста төрт бірдей ЖШС мемлекетке 175 млн. теңге қарыз. Мұны олар "Азық-түлік корпорациясы" арқылы алыпты. Жауапсыз кәсіпкерлердің кесірінен өңір 2 млрд. теңгеге жуық ақшадан қағылған.

– Тиісті қарызды дер кезінде қайтармаған соң ҚР ауылшаруашылық министрлігі біздің облысқа бөлінетін ақшаның едәуір бөлігін қысқартып тастады. Бұл өз кезегінде басқа шаруашылықтарға кедергі келтіреді. Сондықтан, жауапкершіліктен жалтарған кәсіпкерлерді жазалаудан басқа жол көрмей тұрмын. Бұл мәселе менің жеке бақылауымда тұр, – деді А. Мұхамбетов.

Өңір басшысы аудан басшылары мен шаруашылық жетекшілеріне науқандық жұмыстарға қатысты бірқатар тапсырмалар жүктеп, егіс жұмыстарына әзірлік барысын тағы әлденеше рет пысықтау қажеттігін айтты. Бастысы – техника әзірлігіне басты назар аударған жөн. Қолда бар мәліметтерге сүйенсек, күні бүгін өңірдегі барлық техниканың 90 пайызы егіс жұмыстарына сақалдай-сай.

Осылайша "Қамдансаң, қапы қалмайсың" деген қағиданы қатаң ұстанатын диқандар қауымы жылдағы келенсіздіктер алдан шықпасы үшін науқандық жұмыстардың барысын күні бұрын пысықтап алды.

Жалпы көнігі диқандардың болжамы бойынша биылғы жыл берекелі болуға тиіс.

– Күздің күні жауын көп болды. Соның салдарынан топыраққа бір метрге дейін ылғал түсті. Салыстырмалы түрде айтсақ, бұрнағы жылдарға қарағанда 100 мм-ге артық. Оның үстіне қыс бойы қар жауғанын жақсы білесіздер. Соған қарағанда биылғы егін сапалы болуға тиісті. Шығымы да жақсы болуы тиіс. Облыс бойынша шамамен әр гектарынан 13-14 центнерден өнім жинап аламыз ғой деген болжамым бар, – дейді Меңдіқара ауданындағы "Қарқын" ЖШС директоры Сайран Бұқанов.

СУРЕТТЕ: іс-шарадан көрініс.

Суретті түсірген Бағдат АХМЕТБЕКОВ.

Жайбасарлық жараспайды

Тағы бір ескертетін жайт – ағымдағы жылы өңірлерді дамыту бағдарламасы бойынша жаңа жобаларды іске асыру үшін ауылдық жерлерді сумен қамтамасыз ету мен жабдықтауға қаржы қарастырылмапты. Бірақ басқарма құны 6,2 млрд. теңгенің 9 жобасына "Нұрлы жол" бағдарламасының аясында Ұлттық экономика министрлігіне қосымша бюджеттік өтініш түсірген. Ол министрлік тарапынан әлі де анықтала түспек.

Сондай-ақ, мәжілісте жылу маусымының жүргізілуі мен аяқталуы турасында да біраз әңгіме айтылды. Облыс бойынша жылу маусымы штаттық режимде жұмыс істеп тұр. Аяқталуына да санаулы күндер қалған. Ешқандай келеңсіз жайттар да болмаған.

– ТҚШ жаңғырту бағдарламасының аясында 2011-2015 жылдары 111 нысанның кондоминиумына 1,8 млрд. теңге қаражат жұмсалған. Бұл қаражаттардың дұрыс игерілуіне, әрине, жоба-

лық-сметалық құжаттардың мемлекеттік сараптамадан дұрыс өткені керек. Сол мақсат үдесінен шығу үшін алдымен жобалық-сметалық құжаттарға мұқият қараған жөн. Бұл бағытта қазір 11 үйге құны 160,9 млн. теңге бөлініп отыр. Арқалық пен Жігітқара қаласы әзірге қаржыдан қағылып отыр. Бюджеттік өтінімі толық орындалған Рудный қаласы мен Таран ауданын айта кеткенім жөн, – деп Қайдар Қамбаров біраз жайттан хабардар етті.

● БАСПАСӨЗ МӘСЛИХАТЫ

8 миллиард теңгенің мүлкі жария етілді

Қымбат
ДОСЖАНОВА

Қостанай облысында жалпы сомасы 8 миллиард теңге болатын 3700 мүлік жария етілді. Бұл туралы облыстық баспасөз клубында өткен брифингте айтылды. Оған облыстық қаржы басқармасының басшысы Сәуле Аймұхамбетова қатысып, мүлікті жария ету жөніндегі акциялар барысы туралы баяндаған болатын.

2016 жылғы 9 наурыздағы жағдайға сәйкес, облыс бойынша мүлікті жария ету комиссиясы 5525 объектіні жария етуге 2360 өтінішті қабылдаған. 1617 объектінің жария етуден бас тартылғанын атап өтейік. Оның басты себебі жерге құқық беру құжаттарының жоқтығы. Өтінішті қарау отыз күннен артық кешіктірілмейді. Облысымызда дер кезінде қаралмаған өтініштер болған жоқ. Бәрі өз уақытымен жүзеге асуда.

Аталған процесті жеделдету мақсатында былтырғы жылдың аяғында мүлікті жария ету туралы заңнамасына өзгерістер мен толықтырулар енгізілді. Сол өзгерістердің бірі, мүлікті жария ету мерзімі 2016 жылғы 31 желтоқсанға дейін ұзартылды. Екіншісі, мүлікті және ақшаны жария ету рәсімдері оңайлатылды.



— Заңдастырылған мүліктердің саны бойынша біздің облыс республикада алтыншы орында. Атап айтқанда, осы уақытқа дейін 8 миллиард теңгенің 3700 мүлкі заңдастырылды, — деді облыстық қаржы басқармасының басшысы Сәуле Аймұхамбетова.

Елімізде рәсімделмеген қаржы мен мүлікті жария ету науқаны 2014 жылы 1 қыркүйекте басталған болатын. Науқанға

барша қазақстандықтар, оралмандар мен мемлекетімізде тұруға рұқсат қағазы бар азаматтар қатыса алады. Заңдастыру жұмыстарын жергілікті жерлердегі әкімдіктер жанындағы арнайы комиссиялар жүргізеді. Аталмыш науқан жоспарға сай 2016 жылы 31 желтоқсанда аяқталады. Жария ету жөніндегі комиссияға құжаттарды тапсыру мерзімі 2016 жылғы 30 қарашаға белгіленіп отыр.

СУРЕТТЕ: Қостанай облыстық қаржы басқармасының басшысы Сәуле Аймұхамбетова. Суретті түсірген Айбек Жүзбай.

Кәсіп ашқысы келетін жастар көбейді

"Даму" қорының Қостанай облысындағы филиалы 2015 жылы жүзеге асырған жұмыстарын қорытындылады. Былтыр 8,5 млрд. теңгенің 110 субсидиялау келісім-шартына қол қойылған. 2014 жылмен салыстырғанда жобалардың саны артып отыр.

Қаржының басым бөлігі қайта өңдеу өнеркәсібі, транспорт және қоймалау салаларына жұмсалған. Жобаларды субсидиялау және кепілдеу бойынша Халық банкі, Центр Кредит және Жинақтау банкі көш бастап тұр. Өңірге қарасты аудан, қалалардың ішінде жобаларды субсидиялау бойынша Қостанай, Рудный, Лисаков қалалары белсенділік танытты.

"Даму" қоры қаржылық қолдау қызметінен тыс өзге де іс-шараларды жүзеге асырады. Мәселен, былтыр Қостанай қаласындағы Кәсіпкерлерге қызмет көрсету орталығына аудан-қалалардан жалпы саны 6113 тұлға кеңес алған. Азаматтардың басым көпшілігі есепшілік, құқықтану салалары және бизнес-жоспар құру жолдары мен мемлекеттік қолдау бағдарламасы туралы мәлімет алуға келіпті.

"Даму" қоры 2014 жылы "Бизнестің жол картасы – 2020" бағдарламасы бойынша "Бизнес-кеңесші" және "Бизнес-Кеңесші-2" курстарының операторы ретінде іске кірісті. Аталған курстар Кәсіпкерлерге қызмет көрсету орталығының базасында ұйымдастырылды. Бұл жоба 2015 жылы Кәсіпкерлердің Ұлттық палатасына өткен болатын.

— Кәсіпкерлікпен айналысқысы келетін жастардың саны жылдан жылға көбеюде. Қордың қызметін пайдаланушылардың 31%-ы 29 жасқа дейінгі азаматтар. Бұл қуантарлық жағдай. Себебі, жастар еліміздің болашағы, шағын және орта бизнестің дамуына үлес қосатын тұлғалар, — деді "Даму" қорының Қостанай облысындағы филиалының директоры Замира Оразбаева.

Кәсіпкерлікті қолдауға арналған мемлекеттік бағдарламалардан алыстағы ауылдардың халқы да тыс қалып жатқан жоқ. Шалғайдағы жұртшылықты құлақтандыру мақсатында Кәсіпкерлікті қолдау жылжымалы орталығы жұмыс істейді. Былтыр облыстың аудандарына 82 маршрут жасап, 700-ден астам қызмет көрсетті.

Шетел асып іс-тәжірибеден өтіп келген қостанайлық кәсіпкерлер де жеткілікті. Отандық кәсіпкерлердің білімін, біліктілігін шыңдауға арналған жоба "Іскерлік



байланыс" деп аталады. Аталған жобаның 2-кезеңінде Қостанай, Рудный және Жітіқара қалаларының кәсіпкерлері Германияға барып келді. Бизнес бастағысы келетін мүмкіндігі шектеулі азаматтар да "Даму" қорының қолдауына ие бола алады. "Даму-Көмек" бағдарламасы бойынша мүмкіндігі шектеулі 15 кәсіпкерге демеушілік көмектер көрсетілгенін атап өтейік.

— Шетелге барып іс-тәжірибеден өткен кәсіпкерлер облысымызға қайтадан келіп өздерінің бизнестерін кеңейтіп жатады. Мәселен, "Лидер-2010" ЖШС қазіргі таңда өзінің өндірісін кеңейтіп отыр. Жаңа технология бойынша қаймақ, йогурт жасауды қолға алды. Грант ұтып алған жобалардың жүзеге асуын міндетті түрде қадағалаймыз. Қаржының қандай мақсатта жұмсалғанын өңірлік үйлестіру кеңесі бақылайды, — деді "Даму" қорының Қостанай облысындағы филиалының қызметкері Салтанат Манасбаева.

СУРЕТТЕ: "Даму" қорының Қостанай облысындағы филиалының директоры Замира Оразбаева. Суретті түсірген Айбек ЖҮЗБАЙ.

Үш жақты келісімге қол қойды

Айбек
КӘДІРҰЛЫ

1-бет

Екі жақты меморандумның қол қою рәсіміне қатысқан ERG Директорлар кеңесінің төрағасы Александр Машкевич соңғы он екі жыл бойы, Еуразиялық топ жыл сайын облыстағы ең маңызды делінген экономикалық-әлеуметтік жобаларды қаржыландырып келе жатқанын айтты.

— Біз Қостанай облысының дамуына өз үлесімізді қосқанымызды мақтаныш етеміз. Біздің ынтымақтастығымыз одан әрі дамып, облыс тұрғындарының өзекті мәселелерін шешуге және өңірдің гүлденуіне ықпал ететіндігіне сенімдіміз. Мемлекет басшысының сарабал саясатының арқасында елімізде бизнестің әлеуметтік жауапкершілігі жыл озған сайын артып келеді. Мұны қарапайым еңбек адамдары айқын сезініп отыр. Қазіргідей әлемді жайлаған қаржы дағдарысына қарамастан біздің компания өзінің қарамағында жұмыс істейтін адамдардың жалақысын 14-15% ұлғайтуды жоспарлап отыр. Оның үстіне Рудный мен Лисаков қалаларында 18 мың шаршы метр тұрғын үйді пайдалануға бермекпіз. Мұның бәрі өңірдегі тау-кен өндірісінде жұмыс істейтін жас мамандарды қолдауға бағытталған, — деді ол өз сөзінде.

Бүгінде облыстағы ССКӨБ, КБРУ, ТБРУ тәрізді алып өндіріс ошақтарында 24 000-ға жуық адам еңбек етеді. "Ең бастысы ондағы жұмыс орындарын сақтап қалып, жұмысшылардың жалақысын қысқартуға жол бермеу. Ол үшін облыс басшылығы да, компания өкілдері де қарап отырған жоқ.

Екінші бір Меморандумға сәйкес "Атамекен" Ұлттық кәсіпкерлік Палатасы "Еуразиялық топ" компаниясы арқылы жергілікті кәсіпкерлерді қолдауға 300 млн. теңге бөлетін болды. Осынша қаржыны облыс әкімдігі қосады. Сонда барлығы 600 млн. теңге қаражат шағын және орта кәсіпкерліктің кең қанат жаюына бағытталатын болады. Бұл жерде шағын несие-қаржы ұйымдарын құру арқылы халықты көбірек жұмыспен қамтуға баса назар аударылмақ. Сондай-ақ, өз кәсібін ашқысы келетіндердің қатарын толықтырып, отандық өнімдерге басымдық беру де қаперге алынған.

— Кәсіпкерлерді несиелеудің 51%-ы "Атамекен" Ұлттық кәсіпкерлік Палатасының үлесіне тиеді, қалған 49% -на Қостанай облысының әкімдігі ие. Енді бір ай ішінде біз барлық тетіктерді толық қарастырып, шаруаларға несие беруді бастаймыз, — деді Абылай Мырзахметов. — Берілетін несиенің көлемі 15 миллион теңгеден басталады. Ол бес жылға белгіленген және жылдық үстемесі әрі кеткенде 7% ғана. Меніңше бұл өте тиімді шара.

Соңғы бес жылда Еуразиялық топ ұжымдық келісім-шарттар негізінде кәсіпорын қызметкерлерінің әлеуметтік төлемдеріне, әлеуметтік саланы қолдауға бағытталған төлемдерге, сондай-ақ, демеушілік пен қайырымдылық көмекке шамамен 99,1 млрд. теңге қаражат бөлген. Биыл мұндай ілкімді шараға алғашқылардың бірі болып біздің облыс қол жеткізіп отыр.



Дарынды оқушылармен кездесті

Мұрат
ЖҮНІСҰЛЫ

Қалалық білім бөлімінің мәжіліс залында қала әкімінің ғылым-білім, өнер сайыстарында жоғары нәтиже көрсеткен дарынды оқушылармен кездесуі өтті.

Дөңгелек үстел басындағы бас

қосуда қала әкімі Фазиз Бекмұхамедов жас жеткіншектерге жылы лебізін білдіріп, олардың қойған сұрақтарына жауабын берді.

Игі шараның өңірде тұңғыш рет өтіп отырғанын тілге тиек еткен қалалық білім бөлімінің басшысы Мейрамқұл Әбу өз кезегінде оқушылардың жеткен жетістіктерімен таныстырды.

Дарынды шәкірттер жыл сайын қаланың мерейін өсіріп келеді. Өткен жылмен салыстырғанда көрсеткіш деңгейі де арта түскен. Мәселен, 2014 жылы республикалық және халықаралық байқауларға қатысқан 962 оқушының 61-і, 2015 жылы 1327 оқушының 77-і жеңімпаз атанған. Сондай-ақ, екі жыл ішінде облыстық ғылыми жұмыстар байқауларында отызға жуық шәкірт жүлделі орынға ие болған.

Олардың арасында республикалық қашықтық олимпиадаларының жеңімпазы Алтынай Күзембай (№4 мектеп), республикалық ғылыми жоба сайысының



жеңімпазы Хиваз Бейсенбек (гимназия), дзюдо күресінен Қазақстан Республикасының чемпионатында I орынға ие болған Рамазан Әбдімәлік (№6 мектеп), облыстық пән олимпиадасының жеңімпазы Ақерке Ахметсаева (гимназия), халықаралық "Ғұмырдария" байқауының I орын иегері Ұлболсын Болат (№6 мектеп) сынды үздіктер бар.

Жастардың болашағы жарқын. Білім қуып қалаған мамандықтарын таңдауларына болады. Студенттердің шәкіртақысы есе түсуде. Оқу озаттары арнайы стипендияны иеленеді.

— Биылғы жылы медицина мамандығын таңдаған түлектерге қала бюджетінен 8 млн. теңге қарастырылып отыр, — деді Фазиз Ерболатұлы.

Кездесу соңында дарынды жас өрендер қала әкімінің алғыс хатымен марапатталып, ескерткіш суретке түсті.

Арқалық қаласы.

• ТІЛ – ҰЛТТЫҢ ЖАНЫ

Жарнама неге қойыртпақ?

Айтолқын
АЙҚАДАМОВА

Көшедегі жарнама сауатсыздығы көзі қарақты тұрғындардың талай назарына ілікті. Айтылды. Жазылды. Сын садағына да ілініп, суреттері күнқұрғатпай газетіміздің сайтында да «Көрген көзде жазық жоқ» деген айдармен басылып та жатыр. Нәтижесі көңіл көншітерлік болмағанымен, осы саланы бақылуға алған тіл мамандары «бұрынғыдай емес, жарнамада кеткен қателіктер азайып келеді» дегенді алға тартады. Дегенмен, неліктен қазақ тілді жарнамалар қатеге толы. Бұл тілге деген немқұрайлық па, әлде жарнама беруде бірізділік жоқ па? Осы сұрақтарға жауап іздеу мақсатында қаламыздағы жарнама беру агенттіктері мен кәсіпкерлер, тіл мамандары дөңгелек үстел басында бас қосты.

Аталмыш шараны қалалық мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі мен демалыс орталығы бірігіп ұйымдастырды. Жиналғандар үшін ортақ тақырып «Көрнекі ақпарат және заң».

Шынымен де жарнама неге қойыртпақ? Бұл орайда баршаның пікірі бірден екіге бөлінді. Тіл мамандары жарнама агенттіктері өз істеріне салғырт қарайды, сауатты аудармаға қаражат бөлуге енжар десе, кәсіпкерлер пікірі тіптен басқа. Олардың айтары жарнама мәтінін тек-

серетін арнайы маман болса дейді. Орыс тілді жарнаманы қазақшаға аударғанда барлық мән-мағынасынан айрылады дегендер де болды. Мысалы, – орысша «пришла весна и цены тают» дегенді қазақшаға кәсіпкерге тиімді болардай аударып бере алмады. Бірнеше аудармашыға барған едік. Олар «көктем келді, бағалар да ериді» деп айтылмайды деген еді. Осының салдарынан біз тапсырыстан айрылды» дейді агенттік иелері.

Көбіне көп жарнама беруші агенттіктер уақытты тиімді пайдалану үшін тездетіп компьютерлік сөздікке жүгіне салады. Ал онда мән-мағынасыз аудармалар екені бәрімізге аян. Сонда не істеу керек. Кәсіпкерлер де, тіл мамандары да қазақ тілінің мәртебесінің жоғары болғанын қалайды. Бірақ бұл істе бірізділік жоқ. Бәрі де қалай да мемлекеттік тілдің деңгейін түсіргісі жоқ. Қандай болмасын келісімге келуді ойластырып, өз ұсыныстарын айтып-ақ жатыр. Қанша айтсақ та қате құрғыры кете береді, кете береді. Не істеу керек?

Димаш Бекбосынов,
кәсіпкер:

– Бұрындары ілінетін қазақ тілді жарнаманы ең соңынан тексеріп, арнайы мөр қоятын маман қалалық әкімдікте болған. Өкініштісі қазір жоқ. Мұндай мамандар өзге облыстарда әлі күн-

ге бар. Бізде неліктен жоқ. Осы істі қайта жаңғырту керек деп ойлаймын. Кәсіпкерлерге де, өзгеге де тиімді болар еді.

Қарлығаш Мадиярова, қалалық мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің бас маманы:

– Біздер көшедегі қате жарнамалармен күресіп келеміз. Егер қате көрген болса біздің сайтқа көрсетіп, жазады. Біз олармен күрес жүргіземіз. Облыстық газеттің сайтында да осындай олқылықтарды бадырайтып көрсетіп жатыр. Осындай жағдайда біздер сол жарнама берушіні тауып, хат жолдаймыз. Тіл туралы заңға сай олар хатты алған күннен бастап 15 күннің ішінде қолға алуы керек. Егер орындамаса, іс насырға шабады. Осы уақытқа дейін қаншамасына хат жолдап, түзетіп те үлгердік. Келешекте осы іспен арнайы айналысатын топ құрғымыз келеді.

Дөңгелек үстел басына жиналғандар ақылдаса келе ортақ шешімге келгендей болды. Жарнама беруші сапалы, қатесіз қызмет алғысы келсе, облыстық тілдерді дамыту басқармасындағы арнайы аудармашыларға баруларына болады. Бірақ тегін жатқан дүние жоқ. Бәрі ақылы. Мұндай әдіске бүгінде қаламыздағы бірнеше жарнама беру агенттіктері көшкен де сыңайлы.

• ТӘУЕЛСІЗДІК – ТУЫМЫЗ

Тұлғалар туралы туынды

Биылғы 2016 жыл барлық қазақстандықтар үшін ерекше қастерлі жыл – ұшқан құстың қанатын, жүгірген аңның тұяғын талдыратын шетсіз, шексіз Қазақстанның сайын даласында тәуелсіздіктің таңы атып, егемендіктің желі есіп, азаттықтың туы желбірегені 25 жыл болады.

Егемен елдің өміріндегі маңызды мәселелердің бірі – ұлттық мәдениетті, дәстүрді, тарих пен тілді жаңғырту және дамыту болып табылады.

Біздің өлкеміздің тарихы – еліміздің бай тарихының бір бөлігі. Ол азаматтарымыздың көпшілігінің шынайы қызығушылығын тудырып келеді және солай бола бермек. Қостанай жері өлкеміз бен ел тарихында өздерінің істерімен ел есінде қалған азаматтарға ел.

Қазақстан Тәуелсіздігінің 25 жылдығына орай мәдени мұраны сақтаудың маңыздылығын және оған Қостанай облысынан шыққан атақты жерлестеріміздің қосқан елеулі үлестерін ескере отырып, Л.Н.Толстой атындағы ОӘФК ақпараттық-библиографиялық бөлімі жүйелік-техникалық қызмет көрсету және кітапханаларды дамыту бөлімдерімен бірлесе отырып, «Қостанай жерінің мақтанышы: Қостанай облысының танымал тұлғаларының мерейтойлық күндерінің галереясы (2016 ж.) = Гордость земли Костанайской: Библиографическая галерея юбилейных дат известных личностей Костанайской области (2016 г.)» библиографиялық жинағын жарыққа шығарды.

Галереяға биылғы жылдың ең атақты мерейтой иелері: Ыбырай Алтынсарин – педагог, ағартушы, ақын (175 жыл), Серәлі Қожамқұлов – ұлттық театрдың



негізін қалаушы, Қазақстанның халық әртісі, КСРО Мемлекеттік сыйлығының лауреаты (120 жыл), Мәриям Хакімжанова – ақын, Қазақстанның халық жазушысы, Қостанай қаласының құрметті азаматы (110 жыл), Нәзира Дәулетова – еңбек сіңірген кітапханашы, тарих ғылымдарының кандидаты, кітапханатанушы (90 жыл), Манаш Қозыбаев – тарих ғылымдарының докторы, профессор, Қаз КСР ғылымға еңбек сіңірген қайраткері (85 жыл) енгізілді.

Бұл басылымда әрбір мерейтой иесіне қатысты жарық көрген мәліметтерді мейлінше толық беруге, олардың шығармашылық жолдарымен, өмірбаяндарымен таныстыруға, материалдарының толықтығына назар аудармастан әдебиеттер тізімін түгел беруге тырысқаны байқалады.

Библиографиялық құрал жалпы оқырман қауымға арналған. Библиографиялық галерея қазақ және орыс тілдерінде әзірленген.

Басылым туралы ақпарат www.kstounb.kz сайтында орналастырылған.

Абай мен Ыбырай мұрасы насихатталды

Қазақ халқында қайталанбас шығармашылық тұлға ретінде танылатын тұлғалар өте көп. Солардың ішінде ұлы ақын Абай Құнанбайұлы мен ағартушы ұстаз Ыбырай Алтынсариннің алатын орындары зор.

Аудандық тілдерді оқыту орталығында қазақтың ұлы ақыны Абайдың туғанына 171 жыл және ағартушы ұстаз Ыбырай Алтынсариннің туғанына 175 жыл мерейтойларына арналған аудандық байқау өтті. Өзге ұлт өкілдері арасында өткен «Абай – дана, Абай – дара қазақта» атты аудандық байқауға мектеп оқушылары, студенттер, жас мұғалімдер қатысты. Байқаудың мақсаты – қазақ халқының ұлы ақындары Абай мен Ыбырай өлеңдерінен хабардар ету, шығармашылығымен тілдесу, ақындардың мұрасына қызығушылығын арттыру, ақындық өнерді шәкірт жүрегіне ұялату, сол арқылы олардың бойында поэзия әлеміне деген сүйіспеншілігін арттыру, ақындардың шығармашылығын насихаттау арқылы қазақтың тілі мен әдебиетіне, мәдениетіне деген этнос өкілдерінің ықыласын арттыру әрі еліміздің рухани бірлігін нығайту.

«Білімдіден шыққан сөз» – Абай шығармаларын жатқа айту, «Ұйықтап жатқан жүректі өн оятар» – Абайдың әндері, қара сөздері атты кезеңдерден сүрінбей өтіп, бірінші орынды иеленген №121 Құсмұрын орта мектебінің ағылшын пәнінің мұғалімі Елена Гуляева осы жылдың қыркүйек айында өтетін облыстық «Абай оқулары» атты байқауына жолдама алды. Сонымен қатар, Абайдың «Көзімнің қарасы» өнін тамылжыта орындаған Б.Кенжетәев атындағы Новонезжин орта мектебінің оқушысы Елена Куликованы ерекше атап өткен жөн. Еленаның салған өні қатысушылар мен келген қонақтарға үлкен әсер етті.

Ал, «Ыбырай – қазақ халқының сөнбес шырағы,



даланың дара, дана ұстазы» байқауына қатысқан оқушылар да алдарына жан салмай өнер көрсетті. Ұлы ұстаздың өлеңдері мен габратты сөздері оқылып, көрініс қойылды. Жалпы екі байқауға да Құсмұрын орта мектебінің оқушылары үлкен дайындықпен келген, байқау арасындағы үзілісте Айдар Жазықпаев Абай мен Шәкәрімнің әндерін ән-шашу ретінде тарту етті. Сонымен қатар, аталған мектеп оқушысы Жандос Сейтжанов қарсыластарынан озып шығып, жүлделі орынға ие болды. Осы мектеп оқушылары – Әкіжан Сағындықов пен Айман Қуанышбаева, сондай-ақ, Б.Кенжетәев атындағы Новонезжин орта мектебінің оқушысы Самал Шүйіншбай жақсы өнер көрсеткендері үшін арнайы марапатталды.

Ыбырай мен Абай ағамыз қашан да келешектің өлмес, өшпес күн шуағы. Абай ағамыздың «Атаңның баласы болма, адамның баласы бол» деген өсиетін көкіректе нық сақтайық.

Г.ТАЙТЛЕУОВА,
аудандық тілдерді оқыту орталығының оқытушысы.

Әуликөл ауданы.

Тәуелсіздік – таң нұры

Тәуелсіздігімізді жариялағаннан бергі мезгіл ішінде көптеген елеулі табыстарға қол жеткіздік. Бұл Президентіміздің жүргізіп отырған парасатты көреген саясатының нәтижесі – еліміздің тыныштығы мен қауіпсіздігінің, көп ұлтты Қазақстан халқының жарастығы мен ынтымақтастығының арқасында болып отыр. Тәуелсіздігіміздің 25 жылдағы қазақстандықтар үшін айрықша оқиға.

Осыған орай, Жанкелдин аудандық Қ.Жармағамбетов атындағы кітапханада Қазақстан Тәуелсіздігінің 25 жылдығына орай жас ұстаздар арасында «Тәуелсіздік еліміздің ерлік жолы» атты интеллектуалдық әңгіме өткізілді. Тәуелсіз еліміздің, туған топырағымыздың тамыры терең бай тарихымен тереңірек танысты. Сонымен қатар, «Тәуелсіздік – таң нұры» атты кітап көрмесі жасақталды. Кітап көрмесіне Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың «Тәуелсіздік белестері», «Тәуелсіздік шежіресі», Ш.Елеуеновтың «Тәуелсіздік биігінен», М.Қозыбаевтың «Киелі Тәуелсіздік», М.Жолдасбековтың «Тәуелсіздік тағылымы», Ә.Нысанбаевтың «Тәуелсіздік. Демократия. Гуманизм» атты кітаптары қойылды. Көрмеге Тәуелсіз Қазақстанның бел-белестері, бүгінгі жетістіктері және жарқын болашағы туралы деректер мен құнды кітаптар қойылды. Біз кітапхананың иелігіндегі қордан тақырыпқа байланысты кітаптарды, материалдарды келушілердің назарына ұсынуға тырыстық. Олар – еліміздің мемлекет болып нығаюы кезеңінде, еліміздің тарихымен, Қазақстан халықтарының мәдениетімен тығыз байланысты кітаптар. Көрменің негізгі идеясы – қазақ мемлекетінің сан ғасыр бойы қалыптасу тарихындағы уақыт пен ұрпақтар сабақтасығын көрсету.

В.БАТЫРОВА,
«Жанкелдин ауданының орталықтандырылған кітапханалар жүйесі» ММ-нің кітапханашысы.



Мемлекет басшысы соңғы жылдары отандық өнеркәсіпті қолдау мақсатында шикізаттан өңдеуші өндіріске өту мен оны дамытуды тапсырып келеді. Әсіресе, кез келген салада отандық брендті қалыптастыру – бүгінгі күннің талабы. Ал сонау тоқсаныншы жылдардың қиынқыстау жылдарында жабылып қалмай, халыққа қызмет етіп келе жатқан өндіріс ошақтары да аз емес. Солардың бірі – өңіріміздегі "Большевичка" тігін фабрикасы.



халық мақалын ескерсек, өнімдерінің сапалы, әрі сұранысқа сай болуында кәсіпорындағы бұл кеңестің де орны ерекше екенін ұғыну қиын емес.

Аталған кәсіпорында 30-40 жыл бойы тапжылмай жұмыс істеп келе жатқан мамандар да бар. Солардың бірі – Раушан Жикенова. Ол қатардағы жұмысшыдан өндіріс басшысына дейін көтерілген:

– Өткен жылы Ресейдің Троицк қаласымен келісім-шарт жасап, 30 мың дана әйелдердің сырт киіміне тапсырыс алдық. Ұжым қатары жыл сайын жастармен толығып келеді. Екі жыл бұрын заманауи жаңа жабдықтар алуға 6 млн. теңге бөлінген. Кәсіпорын алдағы уақытта мемлекеттік тапсырыс көлемі ұлғая түседі деп сенеді.

Олар өз тәжірибелерін жастарға үйретуден еш жалыққан емес. Білікті маман бәсекеде басқадан озып, өнім сапасын арттыру мен өз өнімінді өткізудің жалғыз жолы емес екені түсінікті.

Білікті маманның қолын ұзартып, қиялына қанат бітіретін, ойындағысын жүзеге асыруда мол жол ашатын, күн санап дамып келе жатқан бүгінгі күннің озық технологиясымен кәсіпорынды жабдықтаудың да орны бөлек. Осыны ескерген тігін цехтары бүгінде озық техникамен толықтай жабдықталған. Мінсіз тігетін тігін машиналары Ресей мен Германиядан, Венгриядан алынды. Сапаны төмендетпеу мақсатында фабрикада сынақ зертханасы құрылған. Онда сырттан алынған маталардың, қажетті техникалардың сапасы тексеріледі. Осындай ізденісті, шығармашылықпен дамытылған жұмыстардың арқасында фабрика әріптестік көзжиегін кеңейткен. "Большевичканың" киімдері мен тіккен бұйымдарын Ресей, Украина елдері алады, тіпті АҚШ-қа да экспорт жасаудан кәсіпорынның тәжірибесі бар.

– Егер тігінші бір киімді толықтай өзі тігетін болса, ол өте ұзаққа созылып кетер еді. Бөліп-бөліп алған оңайға түседі. Уақыт алмайды. Осы қарқынмен біз бұл тапсырысты бір аптада орындап боламыз. Қостанайлық тігін фабрикасы мен бәсекеге түсіп, алдын орап кететін ұсақ цехтар да аз емес. Әйтсе де, кәсіпорын өзінің қуаттылығы мен өнім сапасына сенеді. Мұнда күніне 1500 дана жейде, 1000 дана сырт киім тігуге дейін мүмкіндік бар, – дейді Раушан Әлиақпарқызы.

Сапалы киім –

“БОЛЬШЕВИЧКАДА”

Тарихи атауын жоғалтпаған



Еліміздің жеңіл өнеркәсіп саласында көшбасшылардың бірінен саналатын тігін фабрикасы бұрынғы кеңес дәуірі кезінде де осы сала алыптарының қатарында тұрған-ды. Кеңес Одағы Жеңіл өнеркәсіп халық комиссарының бұйрығымен Украинаның Херсон қаласынан 1941 жылы Қостанайға көшірілген фабрика соғыс жылдары жауынгерлерге әскери киім тігіп келсе, қазірде тәуелсіз еліміздің Қарулы Күштерін киіндіріп отыр. Сондай-ақ мұның сыртында еліміздің

құқық қорғау органдары, темір жол, мұнай саласындағы ірі кәсіп-орындардың жұмыс киімдері тағы бар. Бүгінде "Большевичканың" білікті мамандары қолынан шыққан сапалы өнімді тұтынушылар қатарында "Теңіз Шевроил", "Қазақтүрікмұнай", "Алтиес Петролеум Интернэшнл" және жекелеген құрылыс, басқа да фирмалар бар. Мұндай алпауыттардың сұранысын қанағаттандырып отырған тігін фабрикасы халық тұтынатын тауарларды да ұмыт қалдырған емес.

Фабриканы жиырма жылдан астам уақыт басқарып келе жатқан Татьяна Салманованың пайымдауынша, кәсіпорынның жетістігі екі маңызды құрамдас бөліктен тұрады:

– Біріншіден, біз өзіміздің тарихи атауымызды сақтадық, өйткені кәсіпорынның ең жемісті жылдары оның атауымен тығыз байланысты. Сол заманда "Большевичка" тауарларының жоғарғы сапасы бүкіл Кеңес Одағына танымал болатын, – дейді Татьяна Ивановна. – Енді фабриканың атауы жай ғана емес, ол біздің тұмарымыз іспеттес. Сонымен бірге біз брендке қоса ұжымымыздың негізін жаңа ұрпақтың орын басушылық үрдісін де сақтап қалдық: тәжірибе мен шеберлік анадан қызына, әкеден ұлына беріліп келеді.

Өз тәжірибелерін жастарға үйретуде

70 жылдан астам уақыт жұмыс істеп келе жатқан кәсіпорын бүгінгі күні 410 адамды жұмыспен қамтып отыр. "Республикада осынша жұмысшы ұжымы бар тігін

Тлақырыпқа тұздық

"Большевичка" фабрикасының тарихы 70-жылдан асады. 1941 жылы фабрика Херсоннан көшіріліп, Қостанай жерінде орын тепкен сәттен-ақ майданға жіберілетін өнімді шығара бастаған және сұрапыл соғыс жылдары 25 дивизияны әскери киіммен қамтамасыз еткен. Фабрика қазіргі уақытқа дейін Қазақстанның жеңіл өнеркәсібінің көшбасшысы саналады.



кәсіпорны жоқ" деп тігіншілер мұны мақтанышпен айтады. 2001 жылдан бері кәсіпорында тігілетін барлық киім мен бұйым түрлері сертификатталған және олар сапа жөнінен шетелдік өнімдерден еш қалыспайды. Осы орайда фабрикада көркемдік-техникалық кеңестің жұмыс істейтінін айта кеткен дұрыс. Құрамына кәсіпорын жетекшілері мен жылдар бойы осында еңбек етіп келе жатқан тәжірибелі мамандары кіретін бұл кеңес әр өнімнің сапалы да, сәнді шығуын және барлық талаптарға сай болуын қадағалап, осы тұрғыда түрлі жұмыстар атқарады. "Келісе пішкен тон келте болмас" деген

Бәсекеге төтеп берген

Уақыттың талабына сай еңбек етіп, бәсекеге төтеп бере білген ұжым бүгінде біраз биіктерден де көрініп жүр. Фабриканың өнімі түрлі байқаулар мен көрмелерден әрдайым жүлдемен оралады. "Қостанай облысының үздік тауарлары", "Халық тұтынатын үздік тауарлар" көрмелерінің дипломдарына, халықаралық көрмеде Қазақстанның бәсекеге қабілеттілігіне үлес қосқаны үшін "Алғыс" грамотасына ие болды. 2008 жылы Президенттің "Алтын сапа" сыйлығы үшін болған байқауда "Халық тұтынатын тауарлар" аталымы бойынша екінші жүлделі орынды алды. Сондай-ақ тігін фабрикасы көптеген көрмелерге қатысып, халықаралық беделді кәсіпорындар деңгейінен көрініп, диплом, медальдармен марапатталды. Қиынқыстау кезеңде бірлесе еңбек ете білген ұжым жақсы жұмыс істеген жұмысшыларын әрдайым басшылық тарапынан марапаттап, қолдау көрсетіп отырады. Жұмысшыларға әлеуметтік жағдай да жақсы жасалған.

2014 жылы тігін фабрикасы 1,5 миллиард теңгенің тауарын өндірсе, өткен жылы 1 миллиард 200 миллион теңгенің өнімін сұранысқа сай орындаған.

Бетті дайындаған Шұға ҚОҢҚАБАЙ.



ТОБЫЛ ӨҢІРІ мұнайлы аймаққа айнала ма?

Әуликөл ауданының Новонежин ауылы маңынан мұнай қоры табылды деген әңгіме осыдан біраз жыл бұрын қозғалған болатын. Содан бері бұл түйткілді мәселе түбегейлі шешімін таппай келеді. Жалпы, мұнайы бар жерді қазып, іске қосу үшін қыруар жұмыс пен қаражат қажет екендігі айтпаса да белгілі. Ақша болғанның өзінде, мықты деген геолог мамандар керек. Себебі, мұнай өндірісіндегі ең бірінші кезең - геологиялық барлау. Кен орындарын тауып, ол жерде шикізаттың бар-жоқтығын, оның болжалды қоры осынша деп ғылыми тұрғыда мағлұмат беретін де осы геологтар. Ал, Новонежин ауылынан табылған мұнай қорын анықтайтын маман табылғанмен, оны жүзеге асыратын әзірге инвестор табылмай отырған көрінеді. Біз осы мәселеге орай, арнайы геолог мамандармен кездесіп, үлкен шаруаның басы-қасында жүрген компания басшыларымен де сөйлескен едік.

Қазба байлықтың қоры қанша?

Мамандардың айтуынша, Кеңес үкіметі тұсында, яғни 1963-1978 жылдар аралығында Әуликөл ауданының Новонежин аумағындағы бұл жерлер қазылып, мұнай қорының бар екендігі сол кездері-ақ анықталған көрінеді. Бүгінде геологтар барлау жүргізген жердің көлемі екі мың шаршы шақырым аумақты алып жатыр. Мамандар 2012-2015 жылдар аралығында толықтай зерттеу жұмыстарын жүргізіп, барлау ұңғысы қазылған.

– Барлау кезінде мұнайдың нақты қай жерде жатқаны, қанша көлемде мұнай қорының бар екендігі анықталады. Біз бұл жердің жартысына ғана зерттеу жүргіздік. Жартысының өзінде жүз мың текше метрге дейін мұнай қоры бар деп отырмыз. Көп қаражат кетті. Зерттеу жұмыстарының өзіне 2 миллионнан астам АҚШ доллары жұмсалды. Бұл қаржыны осы аумақты сатып алған алматылық меценат Махмуд Налибаев салды. Осы жерде бір жарым жыл көлемінде Алматының "Даңқ" компаниясы барлау жұмыстарын жүргізді. Олар өз техникаларымен келіп, жердің астында қандай сұйықтықтың жатқандығын анықтап берді. Сөйтіп, зерттеу жұмыстарының нәтижесінде бұл жерде мұнай қорының бар екендігі анықталды. Қара алтынның қоры 2500-3600 метр тереңдікте жатыр. Бұл бүтіндей облысты қамтамасыз етуге жеткілікті. Жер кепкеннен кейін зерттеу жұмыстарын әрі қарай жалғастыратын боламыз, – дейді "Энергоресурс" ЖШС директорының орынбасары Нұрлан Мейіржанов.

Мұнай бар, қаражат жоқ

Иә, астықты аймақтағы мұнай қорын анықтаумен айналысып жатқан геолог-мамандар зерттеудің өткен ғасырдың жетпісінші жылдардан басталғанын айтып отыр. "Энергоресурс" ЖШС-нің бас геологы Аманғали Есенәлиевтің айтуынша, мұндағы мұнай қоры болжанған мөлшерден де әлдеқайда мол болуы мүмкін. Дегенмен, Әуликөл ауданындағы мұнай өндірісін ілгерілетуге әзірше инвесторлардың жоқтығы қолбайлау болып отырған көрінеді.

– Осы мұнай саласы бойынша 2001 жылдан бері Әуликөл жерін зерттеп келеміз. Нақты жұмысқа 2006 жылы кірістік. Міне, содан бері он жылдың жүзі болды. Ең бірінші рет 2013 жылы жердің үстіңгі қабатынан мұнай шыққанда, тартып жатқан шланга шығып кетіп, мұнайға бір шомылған едім. Шланга дұрыс байланбаған екен. Үстіме қара алтын құйылды ғой. Оны өзімше жақсы ырымға баладым. Ол кезде елу адам жұмыс істедік. Қара жұмысқа жергілікті адамдар тартылды. Ал, Қостанай өңірінде мұнай саласының арнайы мамандары болмағандықтан, олар сырттан әкелінді. Қазірде де басында күзет бар. Бар

мұнайды инвесторлардың жоқтығынан пайдалана алмай отырғанымыз өкінішті. Әзірге біреуін тапқан сияқтымыз, бірақ оны да нақты кесіп-пішіп айтуға болмайды. Қазір бізге еңбастысы қаржы құятын инвесторлардың жоқтығы кедергі болып отыр. Өйткені, тек бір ғана бұрғыны орнату үшін 15 млн. АҚШ доллары қажет. Ал, бұл аз ақша емес. Оның үстіне дағдарыс та аяғымызға тұсау болуда, – дейді еліміздің бас геологы Аманғали Есенәлиев. Дегенмен, мамандар наурыз айының аяғында басқа



да қазу жұмыстарының қолға алынатындығын айтады. Сондай-ақ, бүгінгі күні табылған бірде-екілі инвесторлармен келісім-шарттар жүргізіліп жатқан көрінеді.

– Бүгінде бар сеніміміз инвестор Махмуд Налибаевта. Ол осы жұмысқа қалтасынан өз қаржысын салып отыр. Ал, біздің қалталы азаматтарымыз ақшаларын шығарғылары келмейді. Оның үстіне бүгінгі таңда мұнайдың да бағасы түсіп кетті, бірақ оның уақытша қиындықтар екендігін ұмытпайық. Сондықтан, бұл жұмыстар іске асып жатса, бұған салған қаражаттың да қайтарымы еселеніп келері сөзсіз. Біздің қалталы азаматтар осыны түсінсе екен деймін. Торғай жерінен де мұнай қорының табылғандығы рас. Оны да біздің геологымыз Аманғали Есенәлиев кезінде зерттеген болатын. Бірақ, Торғай өңірінде табылған мұнай қоры 5-6 шақырымдық тереңдікте жатыр, оны алу да оңай емес. Ал, Новонежиннің қара алтыны онымен салыстырғанда шамалы ғана тереңдікте жатыр, оны қазу да, іске асыру да оңайырақ. Тек, қаражат табылса болғаны, – дейді "Энергоресурс" ЖШС директорының орынбасары Н.Мейіржанов.

Сапасы да көңіл көншітеді

Мамандар бұл өңірдің мұнайының сапасы да жақсы деп отыр. Себебі, қара алтынның құрамында газ бар, оны да өңдеп қолдануға болады. Мәселен, Атырау, Ақтау өңірлеріндегі мұнайдың құрамында күкіртті сутектің мөлшері көп көрінеді, ол адам денсаулығына өте зиянды екен. Ал, Новонежиннің мұнайында парафин жоқ, яғни, таза жанар-жағармай береді. Сапасы да күмән келтірмейді, өйткені мұны Ресейден келген сараптама нәтижесі де көрсетіп отыр.

– Новонежиннен шыққан мұнайдың сапасы ресейлік сарапшылардың тексерісінен де өткізілді, сапасы өте жақсы деген қорытынды алдық. Жалпы, Қостанай астықты өңір, мал шаруашылығы да өте жақсы дамыған. Алдағы уақытта бұл жұмыстар жүзеге асырылып, мұнай өндіріліп жатса, сөз жоқ Тобыл өңірінің әлеуметтік-экономикалық ахуалы анағұрлым арта түседі деп ойлаймын, – дейді Нұрлан Мейіржанов.

Қара алтынга қарық болар күн де туар...

Әрине, мұнай табылып жатса, новонежиндіктердің одан пайда көрмесе, зиян көрмейтіні рас. Ауыл тұрғындары өндіріске жұмысқа тұрып, басқарлармен салыстырғанда төп-тәуір жалақы да алар еді. Бір сөзбен айтқанда, сол мұнайдың арқасында қолдарын жылы суға малары сөзсіз. Новонежиннің мұнайлы өлкеге айналарына сенімі мол ауыл әкімі де алдағы күндерден жақсылық күтеді.

Асылхан Қаженұлы, Новонежин ауылының әкімі:

– Бұл мәселенің көтерілгеніне бес жылдан асты. Содан бері ауыл тұрғындары әлі үміттеніп келеміз. Бүгінде бұл жұмыс тоқтап тұр. Дегенмен, қолға алынса, әрине, қуанамыз. Мұнай шығып жатса біздің ауылға, ауыл тұрғындарына жақсы болар еді. Ауылдың жағдайы түзеліп, жергілікті тұрғындардың жұмыспен қамтылуына жол ашылар еді.

Иә, осыдан екі жыл бұрын Торғайдың табанынан мұнай қорының табылғандығы туралы ақпарат желдей ескен еді. Бұл өңірде де бұрынғы Кеңес үкіметі кезінде барланған мұнай қоры бар екен. Енді міне, "қара алтынга қарық боламыз" деп бөркін аспанға атқан новонежиндіктердің де қуанышында шек жоқ. Бірақ, бәрі қаражатқа тіреліп отырған бұл мәселе қашан шешіледі, ол жағы алдағы уақыттың еншісінде. Жанымыздағы көршілес Ақтөбе облысы да өз жерлерінен табылған мұнайды өндіріп, бүгінде ел игілігін көріп отыр. Ал, біздің облыс болса, қарамайдың қадірін әлі сезінбей отырған тәрізді. Сондықтан, аяқтың астында жатқан қара алтынның көзін ашып, мұнай өндірсек, жұмыссыздар жұмысқа, табыссыздар табысқа кенелер еді. Тек, бұл болжам сағымға айналмаса болғаны.

НАУРЫЗ АЙЫ ТУҒАНДА



Ізгілік пен
жақсылық айы

Жақында Шолақсай ауылының тұрғындары биыл ғана елімізде алғаш рет тойланған Алғыс айту күні мен көктемнің шуақты меркесі – Халықаралық әйелдер күнін ерекше сән-салтанатпен атап өтті. Бұған ауылымыздың тірегі, кәсіпкер азамат Әмірзақ Бекділдәұлы мен оның ұлы Мәди Әмірзақұлы атсалысты.

Бүгінгі таңда Шолақсай ауылында білім мен түрлі өндіріс салаларын әйелдерсіз елестету мүмкін емес. Әйел-ананың отбасынан бастап, экономикалық, саяси, әлеуметтік өміріміздегі орны зор. Сол себептен де ауылда еңбек етіп жатқан нәзік жандыларды құрметтеуді жөн санаған әкелі-балалы кәсіпкерлер айтулы күнде барша аналар мен қыз-келіншектерді ақ дастарқан басында мерекемен құттықтап, бөріне ақшалай сыйлық пен бір шоқ раушан гүлін табыс етті. Осылайша, жақсылықтың, жылулықтың, нәзіктік пен махаббаттың нышаны – 8 наурыз әйелдер күнінде ерекше қошеметке ие болған нәзік жандылар да шараны ұйымдастырғандарға зор алғыстарын жаудырды.

Жалпы, Наурыз – жақсылық пен ізгілікке толы ай. Өйткені, осы айда достық пен бірлікті, ынтымақ пен сыйластықты, сұлулықты паш ететін үш бірдей ерекше мейрамдарды атап өтеміз. Алда осы үш мейрамның бірі, жыл басы – Наурыз мейрамы да келе жатыр. Бұл күнді көктем мерекесі ғана емес, табиғат мейрамы, шаруа-диқанның қуанышы, ырыс-дық пен берекенің басы деп білеміз. Сондай-ақ, наурыз өлемдегі күллі мұсылман халқының кең пейілін, тіршіліктегі достықты, ынтымақ пен бірлікті паш ететін



мереке.

Біздің ауыл тұрғындары да жыл басы – Наурыз мейрамының жылдан-жылға қасиетін танып, мазмұнын арттырып тойлап келеді. Жоғарыда аты аталған азаматтар бұған да ерекше мән беріп, жыл сайын Наурыз мейрамын тойлауға, ауыл тұрғындарының ұлыстың ұлы мерекесін ерекше атап өтулеріне барынша атсалысып отырады. Бұл күні ауыл тұрғындарына ақ дастарқан жайылып, аналарымыз бен әжелеріміз дайындаған наурыз көжеден ауыл халқы дәм татып, мерекелік концертті, спорттық ойындарды тамашалайды. Биыл да ауылымызда Наурыз мейрамына дайындық жұмыстары қолға алынауда.

Иә, осындай айтулы мереке-

лерде ауыл тұрғындарының еңбектерін елеп, әсерлі басқосылар ұйымдастырып, ауыл тұрғындарына қай жағынан болмасын қол ұшын созып, қолдау білдіріп жүрген әкелі-балалы Ихтиляповтарға шолақсайлықтардың да айтар алғысы шексіз. "Жақсының жақсылығын айт, нұры тасысын" деген қанатты сөз дәл осы кісілерге арналып айтылғандай. Жомарт жандарға қашанда Аллаһның нұры жаусын дейміз! Барша ауылдастарымды келе жатқан Наурыз мейрамымен құттықтаймын. Ұлыстың ұлы күні әр шаңыраққа шаттық, береке-бірлік әкелсін. Еліміз тыныш, жұртымыз аман болсыншы!

Жұмабике НҮРСЕИТОВА.

Наурызым ауданы,
Шолақсай ауылы.

Ежелгі
мейрам

Наурыз мейрамы – ежелгі заманнан қалыптасқан жыл бастау мейрамы. 2010 жылдан бастап Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас ассамблеясының қарарына сәйкес 21 наурыз – Халықаралық Наурыз күні болып қабылданды. Осыған орай, біздің елімізде де Наурыз мейрамы үш күн бойы, яғни 21 мен 23 наурыз аралығында аталып өтіледі.

Наурыз мерекесін тойлау дәстүрі дүние жүзі халықтарының көпшілігінің тұрмыс-салтында бағзы замандардан орын алған. Бұл мейрамды ежелгі гректер "патрих", бирмалықтар "су мейрамы", төжіктер "гүл гардон", "бәйшешек", "гүлнаурыз", хорезмдіктер "наусарджи", татарлар "нардуған", буряттар "сагаан сара", соғдылықтар "наусарыз", армяндар "нарасарди", чуваштар "норис ояхе" деп түрліше атаған.

Дәстүрлі қазақ қоғамында Ұлыс күні жыл басы саналған. Халықтың мифологиялық түсінігі бойынша 21 наурыз түні даланы Қыдыр аралайды. Ұлыс күні қазақ елі үшін әрқашан қасиетті, киелі саналған. Халық таза, жаңа киімдерін киген. Ауылдың ер адамдары бір-бірімен қос қолдасып, төс қағыстырады; әйелдер құшақтасып, бір-біріне игі тілектер айтады. Бірін-бірі мерекеге арнап дайындалған наурыз көже ішуге шақырады. Оған қойдың басы мен сүр ет салып пісірілуі – қыс тағамымен (етпен) қоштасуды, құрамына ақтың қосылуы – жаз тағамымен (сүт, ақ) қауышуды білдіреді. Әдетте, осы күні адамдар арам пиғыл, пендешілік атаулыдан тазарып, ар-ожданы алдында арылады. Ауыл ақсақалдары араларына жік түскен бауырлас ел, руларды, ағайын, дос-жарандарды бір дастарқаннан дәм таттырып, табыстырған, жалғыз жарым жетімдерді үйлендіріп, жеке отау еткен. Жұтқа ұшырап қиналғандарға жылу жинап берген. Алтыбақан басында ән айтылып, күй тартылады. Дәстүрлі ұлттық ойындар (көкпар, аударыспақ, күрес, қыз қуу, алтыбақан, тең көтеру, т.б.) ойналады. Таң ата көпшілік биік төбенің басына шығып, атқан таңды қарсы алады. Кеңес өкіметінің алғашқы кезеңдерінде (1920 – 25) шығыс халықтары бұл мерекені атап өткенімен, 1926 жылы ол "діни мейрам", "ескілік сарқыншағы" деп танылып тоқтатылды, бірақ Қазақстанның бар аумақтарында жасырын түрде сақталып қалды. 1988 жылдан Алматы қаласында, республиканың көптеген аудандарында Наурыз жалпыхалықтық мейрам ретінде қайта тойлана бастады.

Дәстүр бойынша бұрын Наурыз мейрамын бүкіл ауыл-ел болып, әсіресе, жастар жағы түгелдей таң шапағатын қарсы алудан – тазаланған арықтарға су жіберуден, ағаш отырғызып, гүл егу рәсімін өткізуден бастайтын. Қызықшылық онан өрмен халық ойындарымен ("Айқыш-ұйқыш", "Ақ серек пен көк серек", "Алқа қотан", т.б.), ән салып, би билеумен, ақындар айтысымен, "Қызғалдақ" мерекесімен, қазақша күреспен, ат жарысымен жалғасып кете беретін де, түнге қарай "Алтыбақан" айналасындағы тамашамен аяқталатын. Наурыздан кейінгі 2-ші күні жұрт жаппай көктемгі егіске кірісетін. Малшы қауым да төл алуға қатысты іс-қаракетімен айналысатын. Наурызды кейінге қалдыра тұратын ауылдардың өзінде де мейрамнан кейінгі 2-ші күні жаппай егіске кірісетін.

Наурыздың 22 күні Наурыз мейрамы (жаңа жыл) екенін қазақ баласының көбі біледі. Наурыз туралы көптен бері, жыл сайын газеттерде жазылып келеді. Бұл мейрам бүкіл ұлтқа ортақ. Сондықтан, барлық қазақстандықтар үшін бұл күн айрықша мейрам саналады. Ендеше, елімізге құт дарытатын Ұлыстың ұлы күні әр шаңыраққа тек бақыт, береке-бірлік, елімізге тыныштық тілейік, ағайын!

**Нұрбану ТҮРҒЫНБАЙҚЫЗЫ,
Мичурин орта мектебінің
кітапханашысы.**

Қостанай ауданы.

"Қазақ қызы - 2016"

Міне, осындай атаумен Ұлыстың ұлы күні – Наурыз мейрамы қарсаңында Аманкелді ауданындағы Қ.Әбенев атындағы аудандық мәдениет үйінің әдіскері Лиза Таутанқызының ұйымдастыруымен мектеп оқушылары арасында дәстүрлі аудандық қыздар байқауы өтті.

Байқаудың басты мақсаты – қазақ қыздарына тән мінез-құлықты дәріптеу, ұлттық салт-дәстүрлерді қастер тұту, қыз баланың бойындағы ізгі қасиеттерді әспеттеу мен таланттыларды тану. Бес кезеңнен құралған сындарлы байқауда қатысушылардың ажар-көркі ғана емес, ақыл-парасаты, өнерге бейімділігі,

инабаттылығы мен ізеттілігі, іскерлігі мен тапқырлығы таразыға тартылды. Сондай-ақ, олар қолөнер шеберлігі мен ас әзірлеуден де сынға түсті. Осылайша, көрермен көңілінен шыққан сайыс қызықты әрі тартымды өтті.

Сайыс болған соң, оның жеңімпазы да анықталуы тиіс. Сонымен, әділ қазылардың шешімімен

бас жүлдені Байғабыл ауылынан Аружан Болатова, 1-ші орынды Б.Қолдасбаев атындағы мектептен Аружан Әбдікова, 2-ші орынды Ә.Боранбаев атындағы орта мектептен Жайна Дүйсенбек пен Үрпек ауылынан Гүлзат Сұлтанова, 3-ші орынды Қарасу ауылынан Дамира Карина, Амантоғай ауылынан Мәдина Сағындық,



Құмкешу ауылынан Ақмарал Сәрсенбекқызы иеленді.

Әнет ЖҰМАБЕК.
Аманкелді ауданы.

● ЗЕРДЕ



Әбдіқадыр
ӘБДІРАЙМУЛЫ,
зейнеткер.

қазақ жерінде толқу басталды.

Торғай облысының губернаторы М.М.Эверсман соғыс жұмысына жиналу мерзімін 15 қыркүйекке дейін созуға мәжбүр болды, одан кейін қараша айына созылды... Сөйтіп, Торғай уезінен "қара жұмысқа" бірде-бір адам барған жоқ.

Бұрыннан бай-болыстардың зорлық-зомбылықтарына шыдамай, ашықтан-ашық қарсы шығып жүрген, халыққа жақтас ел ер-азамат-

бес адамымен Балахмет Бекмұхамедов, №11-ауылдан 10 адамымен Кейкі Көкембаев қосылды" делінген.

Торғай аймағының толқуы кезінде аты аңызға айналған Әбдіғаппар Жанбосынұлын (1970-1919) 13 болыстың өкілдері қатысқан құрылтай жиналысы хан етіп, атақты Иман батырдың немересі Аманкелді Үдербайұлын (1973-1919) әскер басы-сардарлыққа сайлап, Құлан Қыпшақ Кейкі батыр (Нұрмұхамед) Көкембайұлы

шабуыл жасап, уезде соғыс жағдайы жарияланғаны жазылған.

Көтеріліс басшылары Оспан хан мен әмір Әбдіғаппар өздерінің сардарбектерімен ақылдасып, қарашаның 6-сы күні, таң алдында қарамағында 200 атты казак пен 100 солдат қорғап тұрған Торғай бекінісіне шабуылы басталады. Тыңғылықты дайындалған, түрлі соғыс қару-жарақтары мен мылтықтары, винтовка, пулеметтермен қаруланған гарнизон қорғаушыла-

буылға шықты, тойтарыс берілді. Олар шегініп, қашты" дейді.

Енді алдағы күндердің бірінде "Құмкешу", "Доғал-Үрпек" шайқастары тұрғанын ол кезде ешкім де болжай алмады... 21-25 ақпан күндері аралығында болған бұл шайқастар, бұлардың алдында болғандардан едәуір ұйымдасқан, соғыстық әдіс-тәсілдері жетілген, қандай да бір өткенде "мүлт кеткен" кемшіліктерді қайталамай, орыс әскерінің амал-айлаларын есепке ала отырып, қолда бар барлық күш-құралдарды тегіс жұмылдырды. Нәтижесінде, айтарлықтай жеңіске жетіп, жауға ойсырата соққы берді. Үрпек пен Жыланшықтағы көтерілісшілерді жоюға арнайы келген жазалаушы Тургенов полкі өлген-жараланғандарын 19 шанаға тиеп алып, жедел Торғайдағы бекіністеріне қашуға мәжбүр болды. Оларды сарбаздар біраз жерге дейін өкшелей қуып, біраз естерінен таныта, асырып салған. Кешегі күнгі шайқастарда қаза тапқан 74 сарбаздың мәйіттері өз атамекендеріне жеткізіліп, жерленді. Қазір олардың қатар-қатар, төмпе-шік-қабір белгілерін Аманкелді ауданындағы Сатыпалды ишан кесенесі тұрған және "Үрпек"- "Қарашатөбе"- "Ағаштыкөлдегі" ескі үлкен қорымдар мен "Торғай", "Жыланшық", "Жалдама", "Тасты", "Сынтас" өзендері жағалау бойындағы ескі қыстаулар маңайындағы бейіттер мен "Бегімбеттің Алакөліндегі", "Құмкөшудегі" және "Жаңақала" ауылындағы (бұрынғы "Көртоғай" елді-мекені) қорымдардан көруге болады. Кезінде олардың бәріне халық қадірлеп-қасиеттеп белгілер қойды.

Қаһарлы 1916 ЖЫЛ

ҰЛТ-АЗАТТЫҚ КӨТЕРІЛІСІНЕ – 100 ЖЫЛ

Өткен ғасырдың 60-жылдары, 1916-1917 жылдардағы Торғай қазағының патшаға қарсы көтеріліс ошағының бірі – қазіргі Аманкелді ауданының Үрпек ауылында көпті көрген Құсей Ахметов, Дүйсенбай Өржанов, Ыбырай Әтембеков деген қарттар өмір сүріп, дүниеден өтті. Сол кезде әрбір кеңестік мерекелер қарсаңында мектебіміз осы кісілерге маза бермей, оқушылармен кездесуге шақыратын да жүретін. Көтеріліс сарбаздарынан естігендерімді кейінгі ұрпақтың назарына ұсынып отырмын.

Ақ патша 1916 жылдың 25 маусымында ортаазиялықтар үшін қорлық болып танылған "Июнь жарлығын" шығарды. Онда орыстан басқа "бұратана" деп есептелген халықтардың жасы 19 бен 43 жас аралығындағы барлық еркектерін соғыстағы патша әскері үшін қорғаныс шептерін орнату мен окоп қазу жұмыстарына шақыру айтылды. Осы жарлыққа сәйкес, сол кездегі Дала өлкесінің генерал-губернаторы Н.А.Сухомлинов 1916 жылдың 30 маусым күні "Алғашқы қабылдау кезегіне 1897 және 1885 жылдары аралығында туған киргиздар, яғни 19 бен 31 жастағылар жатады" деген қосымша хабарламасын таратты. Жергілікті жерлерде болыстар берілген бұйрыққа сәйкес, жедел іске кірісіп, көрсетілген жастағылардың тізімдерін дайындауды бастады.

Бұрын патша қазақтарды әскерге алмайтын. Бұл жолы жарлық шығарумен қоса, "соғыс күшінің қорына" деп ел мойнына қосымша салық салып, ақша жинады. Оған қоса, қазақ жерінде менменсіген патша шенеуніктерінің зорлық-зомбылықтары мен қорлау іс-әрекеттері шексіз етек алды. Ел "патша уәдесінен тайды!" деп түйді. Қазақтардың наразылығы туды. Ұланғайыр, шалғай жатқан



Әбдіғаппар Жанбосынұлы

тары атқа қонып, тамыз-қыркүйек айларында ауыл жастарына "патша жарлығына қарсы шығайық" деп батыл үгіт жүргізді. Торғай даласындағы қарсылық-толқу күшейе түскеннен кейін жергілікті патша қызметі өздерінің жоғарғы орындарына хабарлауға мәжбүр болды. Бұған бір ғана дерек. Орынбор полковнигі Татариновтың Орынбордан Петербор Полиция департаментіне берген 1916 ж. 27 шілдедегі: "Торғай және Орал облыстары қырғыздарының толқуы қауіп төндіретіндей көлемге жетті" делінген Петербор қаласындағы Ресей мемлекеттік архивінде сарғайып жатқан құпия шифрлы жеделхат айғақ бола алады. Сол сияқты, Торғай үйезі, "Қайдауыл" болысының управители С.Бектасовтың алғашқы-ақ берген шағымдану хабарында: "Маған сеніп тапсырылған болыс халқынан көтеріліске шыққан қырғыздардың ішінде №3-ауыл қырғыздары түгел, ...кейінгі кезде хан Әбдіғаппар Жанбосынов, қолбасшы етіп тағайындалған, белгілі қаскүнем Аманкелді Үдербайұлы барлық соғыс әрекетіне қатысты. Олардың тұрағы – Қара-Торғай болысының аймағында, Батпа-Қара шатқалында хан ордасы бар... Мұнан басқа, бұларға №1-ауылдан 20 кісісімен Шілмырза Майжанов пен Тлеуберген Ержанов, №2-ауылдан

(1973-1923) бастаған мергендер қатарын бетке ұстап, патшаның жазалаушы әскерлері келгенше, қолда бар 50 данаға жетер-жетпес шиті мылтықпен және ұсталар соққан жашай қазақи қаруланған 8 мың сарбазды жасақтап үлгерді. Кейін жазалаушылардан қолға түскен орыс солдаттарының қару-жарақтарымен қарулана бастаған. Сол кезде Тосын-Шұбалаң болыстарының ханы Оспан Шолақовтың 3 мыңдық арғындар қолын, ал Ырғыз уезінде хан сайланған Айжарқын Қанайұлының басшылығымен 6 мыңдық көтерілісшілер тобының жасақталғаны белгілі. Өкініштісі, ырғыздық көтерілісшілер 1917 жылдың 23 ақпанында Торғай-Қарабұтақ керуен жолы бойында талқандалып, басшылары қолға түседі де, кейін жазаланады.

Ал, Торғай жерінде жазалаушы әскермен ең алғашқы қарулы бетпе-бет шайқас 1916 жылдың 21 қазанында Татыр көлінің тұсында Ткаченко бастап келе жатқан жазалаушы казак эскадронымен болды. Орыс әскерінің бастықтары Қаратүбек маңында сарбаздардың бар екенінен хабардар, кез-келген жағдайда соғысуға дайын болып келе жатады. Торғай уезінің бұрынғы болысы, мыңбасы Кәрбоз Қабақұлы бастаған 1500 жігіт қоршап, алдарынан шыға келген бойда-ақ казактар керуен арбаларын қазқатар тізбектеп, шеп жасайды. Қазақтар алғаш рет зеңбіректер мен оқшашардан (пулеметтен) атылған оқты – "сұрапыл қырғынды" көрді. Екі жақтан да шығын едәуір болды. Бұл шайқас туралы хабар Орынбордан Бас штабқа, одан әрі ІІ Николай патшаға да жеткен.

1916 жылдың 24 қазанында Торғайдан "капитан П.П.Загайнов" деп қол қойылған телеграммада қолдарында найзалары, мылтықтары бар қырғыздардың үлкен тобыры



Аманкелді Иманов

ры қарсы келгендерді жайпап салады, бекіністі сарбаздар ала алмады.

Қыстың түсуімен Торғай үйезінде орыс әскері тарапынан әскери жазалау іс-қимылдары ептеп бәсеңсігендей болды. Қараша айының қарасуық, үскірік аязына шыдамай, 96 солдаттың беті, қол-аяғын үсік шалды. Әбдіғаппар сарбаздары енді "Шолақсай" арқылы Қостанай жағынан келетін жазалаушылар жолын торуылдады. Қостанайлық соғыс-әскер тобын 13-ші қаңтарда сарбаздар Шошқалы қопасы маңында қарсы шабуылдап, бір дүрліктірді. Аманкелді мен Кейкі өздерінің жүз шақты жігітімен және науырзымдық Сәдуақас, Досан деген жігіттердің жинаған 1500 сарбазымен Күйік көліне шегініп, келесі күні ауыл жанында үлкен қанды шайқас жасады. Бұл шайқастың жайын А.Г.Сандецкийдің П.И.Аверьяновқа берген хабарынан білуге болады: "...қаңтардың 14 күні подполковник Кисловтың әскер тобы Күйік көлі ауылына жақындай бергенде, ауылдың сыртынан, қамыстан 1500 әскер тобыры шығып, алдында келе жатқан қарауылшы екі казакты хайуандықпен өлтіріп, әскер тобына тарпа бас салып, шабуылға шықты. Мылтықтар мен пулеметтен оқ жаудырып, солдаттар қарсы ша-

1916-1917 жылғы Әбдіғаппар мен Аманкелді басқарған Торғай қазақтарының көтерілісі, басынан аяғына дейін ұйымдасқан түрде өтті, жақсы қаруланған патша әскеріне қарсы шығып, тайсалмай соғысты, халық оларды жақтады. Рақмет, Бектас деген аса дәулетті байлардың сарбаздарды мініс аттарымен, ал жалпы халықтың азық-түлікпен, киім-кешек, ертұрман, қару-жарақпен, жалпы не керектің бәрімен қамтамасыз еткені, сол кездің әңгіме-деректерінде айтылғанды.

1917 жылы наурыз айының басында Торғай қазақтарының ұлт-азаттық көтерілісі жеңіспен Ақпан төңкерісіне ұласты. Сол кезде Ресейде құрылған Уақытша өкіметтен жан-жаққа телеграммалар келіп, барлық жердегі көтерілісшілерге кешірім жасалды. Қамауға алынғандар тегіс босатылды. Торғай қазақтарының патшаға қарсы сегіз айға созылған көтеріліс-соғысы жеңіспен аяқталды.

Қостанай қаласы.

● АЙТАЙЫН ДЕГЕНІМ...

Әлем таныған Әлихан

Бытырғы жылдың 2-18 қарашасы аралығында өткен ЮНЕСКО-ның Бас конференциясының 38-сессиясы «Мемлекет және қоғам қайраткері Әлихан Бөкейхановтың туғанына 150 жыл толуына арналған мерекелік шараларға қатысу туралы» Аққарушы кеңестің ұсынысын бекітті. Бұл хабар Ә.Бөкейхановтың әлемдік деңгейдегі тарихи тұлға ретінде мойындалғанының белгісі болса керек. Таяуда ҚР Парламенті Сенатының бір топ депутаттары Үкіметке сауал жолдап, Алашорда көшбасшысының мерейтойын мемлекеттік деңгейде атап өту шараларын қарастыруды сұрады. Мерейтойды атап өтуге Қазақстан Үкіметі қаржы бөлетін болды деген жаңалықты жақында Мәдениет және спорт министрі Арыстанбек Мұхамедияұлы естіді.

Еліміз Тәуелсіздік алған 25 жылда Әлихан Бөкейхановтың өмірі мен саяси қызметі толыққанды насихатталған жоқ. Түрлі мазмұн-мақсаттық шаралар өткізу кезінде Әлихан Бөкейхановтың Алаш партиясының ұйымдастырушысы және ұлттық Алашорда автономиялы үкіметінің төрағасы, ғұлама ғалым-ормантанушы, экономист, тарихшы, этнограф, әдебиеттанушы, аудармашы әрі дарынды публицист екенін, Алаштың даңқты перзентінің қазақ көсем-сөзінің бастауында тұрғанын, қазақ баспасөзінің қалыптасуына да айрықша қызмет жасағанын айту керек. Әлихан Бөкейханов «Алаш» сөзін алғаш рет саяси айналымға алып келіп, Алаш партиясын, Алашорда үкіметін тарих сахнасына «Алаш» атауымен шығарған қайраткер. Ол жетекшісі болған «Алаш» партиясы – заманында бүкіл Ресейдің саяси кеңістігінде белсенді қызмет атқарған 50-ден астам партияның ішінде алдыңғы 8 орыннан бой көрсеткен беделді ұлттық ұйымға айналғанын қазір жұрттың бәрі бірдей біле бермейді.

Сондықтан әрбір облыс, қала, аудан, ауыл және жергілікті жерлерде жоғары жақтың пәрмен берулерін күтпей-ақ салтанатты жиындар, «Әлихан тағылымы» оқуларын, сабақтары мен дәрістерін, стендтер мен кітап көрмелерін ұйымдастыру, айтыстар мен ұлттық спорт түрлерінен жарыстар өткізу, 1916 жылғы Торғай көтерілісінің ошағы болған өлкеміздің елді мекендерінде «Алаш аллеяларын» ашу қажет. Мұндай шаралардың аса көп қаржы жұмсауды да қажет етпейтіні белгілі. Жергілікті билік азаматтар қалталы кәсіпкерлер қазақ үшін құрбан болған арыстарымыздың тарихын түсінуге тиіс. Көптеп-көлемдеп көмектесетіндеріне күмән жоқ.

Бар қазаққа ортақ тойды өткізуге сіз де ойыңызды айтып, үлесіңізді қосыңыз, ағайын!



Әбдіқадыр
ӘБДІРАЙЫМҰЛЫ,
саяси-тәрбие
жұмыстарының ардагері.

● ПАЙЫМ

«Қостанай» атауының шығу тарихы

Қостанай – қалыптасқан жер атауы. Алғашқыда қаланы Ордабай тоғайының орнына қоңыстандырмақшы болып, сол жердегі 40-тан астам қазақ отбасын күштеп көшіріп, қаланы Ордабай деп атауға да ұйғарым болыпты. Бұл 1870 жылдар болса керек. Кейін 7-8 жылда еш нәрсе өнбеді, үкімет қала салуға қаржы бөлмеді, болашақ қаланың орны да өзгерді.

Алайда, осы «Қостанай» атауының қашан, қалай қойылғаны туралы әңгіме де, жүйеге түсірілген зерттеу жоқтың қасы. Осыған орай, әсіресе, орыс-тілді ағайынның білместігі кесірінен орыстың «кусты», яғни бұта сөзімен де шатыстырады немесе толып жатқан ақылға қонбайтын дәлелдер айтады. «Танай деген кісі болған екен, соның Тобыл жағасында жыртқы қосы болған екен... Қостанай – «Танайдың қосы» деген сөз болу керек» деген де аңыз бар.

Қостанай ғасырлар бойы қалыптасқан, ана тіліміздегі мән-мағынасы сақталған төл атау. Сондықтан да оны алдымен туған жер тарихымен байланыстыра қарау керек екенін естен шығаруға болмайды. Белгілі қалагер Ақселеу Сейдімбеков өзінің «Күмбір-күмбір күмбездер» атты кітабының

1985 жылы «Жалын» баспасынан жарық көрген орыс тіліндегі нұсқасында («Поющие купола») Асан Қайғы есімін осы өңірмен байланыстыра қарайды. Торғайдың Шығыс бөлігінде орналасқан Ұлытаудың басында Асан атаның бәйбішесі Тана әже жерленген. Тана әрі дана, елден ерек, қатарынан жеке дара ақылды жан болған. Олардың аруақтарын қазақ халқы әлі күнге пір тұтпай ма. Ұрпақтарым парасатты, жұртына қамқор жандар болғай деген ниетпен, үш сөздің басын қосып, қызының атын Тана бәйбішенің атымен атап, Қос-Тана-Ай қойған екен. Жерленген басындағы ескерткішті халық Ақмешіт деп атайды.

Келесі дерек «Екі қыз жарық дүниеге қосынан келді ғой» деп, ата-анасы ат қоюға біраз ойланыпты. Қос егіздің есімін айқындар сұлу айды жалғап, Қосай атауы мүмкін.

Сонымен, Қостанай аты Тана әженің құрметіне қойылған қыздың немесе қыздардың атымен аталуы мүмкін.

Дарья ТАПАЛОВА,
Қостанай қаласындағы №11 орта
мектебінің мұғалімі.

Кітап патшалығына саяхат

Кітап – сенің асып-таспайтын асыл досың. Себебі, кітаппен дос болған адамның ой-өрісі кең, сөз мәдениеті жоғары, саналы, жан-жақты болып тәрбиеленері сөзсіз. Білімнің көзін ашып, ең алғаш ғылым санасын танытқан, оқытып-үйреткен – кітап. Олай болса, осы кітапты насихаттау барысында бүлдіршіндерді кітап оқуға баулу, жаңа оқырмандарды тарту, кітаптарға ұқыпты қарауға тәрбиелеу мақсатында Мереке ауылының кітапханасында «Кітап патшалығына саяхат» атты кітап көрмесі ұйымдастырылды. Шара барысында оқырмандарға кітаптардың шығу тарихы мен олардың адам өмірінде қандай мағына беретініне түсінік беріліп, ертегілер оқылып, жұмбақтар жасырылып ойындар ойнатылды.

Ақнұр МҰСАБАЕВА,
Мереке ауылының кітапханашысы.

Наурызым ауданы.



● ДІНІҢ – ДІҢГЕГІҢ

Көрген-білгенді айту – кісіге парыз

Біздің өміріміздің балалық, жастық шағы Кеңес үкіметінің заманында өтті. Ата-әжелеріміз дін туралы көп айта қоймайтын. Үлкендердің анда-санда айтатын өнегелі әңгімелерін көкей-імізге түйіп, адал болуға, таза жүруге тырысатынбыз. Ауылдағы Бәйтемір мектебінде 1-4 сыныптың оқушылары бір бөлмеде бірге оқитынбыз. Бірде мұғаліміміз бе, әлде бір пысықай бала ма «Құдай жоқ» деп қалды. Үйге келіп Бидан әжемнен «әже, Құдай жоқ дейді, рас па?» деп сұрадым. Әжем үндемей менің жаныма келіп, бетіме біраз қарап тұрып, «Салықбек, мұғалім сұраса айтарсың, басқа кезде ешкімге «бар-жоқ» – деп бір-жақты пікір айтпа» дегені әлі күнге есімде. Үлкейген сайын сол оқиғаларды жиі ойлап, ағайын-туысқа білетініңді айтуға асық тұрады екенсің.

Мен өзім жинаған қаржыға 2012 жылы үлкен қажылыққа барып келген адаммын. Баруға бірінші себеп – парыз, жас келген сайын денсаулық та сыр беріп жүрген еді. Қатты ауырғанда мұсылмандық бес парыздың бірін өтеу ойға оралды. Жеке мұрағатымда атамиз Құттық – Тілеп Оспан қажы Өтемовтің 1912 жылы қажылыққа барғандығы туралы естелік-хабары сақтаулы екен. Осыдан 100 жыл бұрынғы оқиға маған қозғау салды. Осылайша, көпшілікпен бірге 20 күндей Мекке-Мәдинеде болып, қажылықтың міндеттері мен шарттарын атқарып келдім. Бидан әжем атасы Оспан қажының 1901 жылы және 1912 жылы қажылыққа барғанын айтып отыратын. Ол соңғы қажылықтан келген соң елге, шаруашылыққа көп араласпай, діни кітаптар оқып оңаша отыратын болған. Бұл қылығын ел онша ұната қоймаған сияқты. Көпшілікпен араласып, қонақ шақырып, жиын-тойға бармауын сараңдықтың әсері деп ойлайды.

Атамиз 1915 жылы туған тұңғыш немересін Мәруа деп атаған. Жақын ағайындарының «Ау, атасы, немереңізге қыздың атын қойғаныңыз қалай?» деген сөзіне «Жоқ, бұл қыздың аты емес, Меккедегі екі Сафа-Мәруа деген таудың бірінің аты», – деп жауап берген екен.

Мәруа ағайым майданға кетіп, Псков маңайында қаза тапты. Жау қолынан ерлікпен қаза тапқан ағамның рухына Құран бағыштау соңынан ерген ініге парыз. Осы оқиғалар мені Меккеге шақырғандай болды. Оспан қажы атамиздың Шалабай, Сардар, Әукен, Әмір деген балалары болған.

Алаштың ардақты азаматы Ахмет Байтұрсынов Оспан қажының үйіне екі рет келгенін әжемнің аузынан естігенім бар. Бір келгенінде Алаш көсемі таңертеңнен түске дейін қажымен оңаша сөйлескен. Екеуара әңгімеде не туралы айтылғанын кім білсін. Әжем сусын құю үшін бөлмеге кіріп-шығып жүргенде Ахмет Байтұрсыновтың не өзі, не біреуді Меккеге жіберуді ойлайтынын естіген. Тағы бір отырыста «Аққұмның бір қызы бар Іңкәр атты», – деп басталатын Ахметтің «Аққұм» өнін сөз қылған деседі.

Бидан әжем 1991 жылы 97 жасқа қараған шағында көп ауырмай қайтыс болды. Ішінде біз біле алмаған, естіп, тыңдай алмаған әңгімелер кетті.

Қажылықтың, Қағба, Мекке-Мәдиненің ерекше әсері бар. Ауасының, зәм-зәм суының дәмі таңдайыңызда мәңгі қалып қояды. Біздің арамызда қажылыққа 10 рет, тіпті 34 рет барғандары да болды. Оның ешқандай оғаштығы жоқ дегенімізбен, қажылыққа барғанын санмен есептеп кеуде соқпаса болғаны. Әрбір адамға бір рет бару – парыз, кейін қайта айналып соғамын десе, өз еркі. Қажыға барғандардың кейбірі «мен қажымын төрге отырамын, арақ-шарап қойылатын тойға бармаймын» деп, шақырған жердің берекетін кетіреді. Қажылардың ішінде әдемі, таза, мұнтаздай киініп, сақал-мұртын тарап, жүрген жерлеріне нұр сепкендей, көпшіліктің ризашылығына бөленіп жүретіндер де бар.

Еліміздегі газеттердің бірінен «ең үлкен сағат Мәскеуде, «Детский мир» дүкенінің үстінде» деген мақаланы оқыдым. Меккеде болған молда-қажылардың бірі «жоқ, олай емес» деп жауап жазар деп күттім, ешкімнен ешқандай хабар, пікір естілмеді. Шын мәнінде жер жүзіндегі ең үлкен сағат Меккедегі Мукаррама сағаты. Сағаттың мұнарасының биіктігі 601 метр. Сағат жерден 400 метр биіктікте орналасқан. Үлкен тілінің ұзындығы 18 метр, минут тілінің ұзындығы 22 метр. Сағат әртүрлі асыл тастармен өшекейленген. Мұнараның төрт жағында осындай төрт сағат бар. Әрбір сағат тілінің салмағы 6 тоннадан асады, ал сағаттың өз салмағы 36 тонна. Кез келген күн райында Мекке сағаты 30 км қашықтықтан көрінеді. Бұл ғажап емес пе?! Көзбен көргендерге осындай ерекшелікті айту парыз деп білемін.

Салықбек МҰСА,
зейнеткер-дәрігер.

Алматы қаласы.

● ДОСТЫҚ – ҰЛЫ КҮШ

РУДНЫЙ – ДОСТЫҚ ШАҺАРЫ

**Қуаныш
ЕСҚАБЫЛ**

Қазақтың "Бірлік бар жерде – тірлік бар" деген қанатты сөзі татулық пен бауырластықтың айғағы секілді. Болашақтың бірліксіз болмайтынын болжай білген бабаларымыз осы қағида-ны басты бағыт етіп ұстаған. Ол атадан балаға мұра болып, әлі де жалғасын тауып келеді. Мәселен, 60 жылдық тарихы бар Рудный бүгінде ұлттар арасындағы береке-бірліктің, достықтың шаһарына айналды. Мұнда жүзі басқа болғанымен жүрегі бір, тілі басқа болғанымен тілегі бір, мақсат-мүддесі ортақ, достығы берік ұлттар қазақ елінің салт-дәстүріне, ұлттық құндылықтарына құрметпен қарап, қарапайымдылығы, қонақжайлылығы, бауырмалдығы үшін ерекше бағалайды. Кезінде түрлі себептермен кеншілер қаласына қоныстанған олар өз тілі, мәдениеті мен дәстүрін сақтап қана қоймай, ел арасында белсенді насихаттап жүр.

Фаизова Асия Габбасқызының кіндік қаны тамған жері – Башқұртстан Республикасы. Стерлитамақ құрылыс училищесін тәмамдаған ол комсомолдық жолдамамен кеншілер қаласына келген.

– 1960 жылдардың басында "Соколоврудстрой" тресінің құрамында өзім секілді мыңдаған қыз-жігітпен бірге қала мен комбинаттың құрылысына бел шеше кірістік. Ол кезде қазақ, орыс, украин, неміс, беларус болып, алдымен палаткаларда, кейіннен өзіміз салған үйлерде бірге тұрдық. Бірге еңбек етіп, бір нанды бөліп жедік. Ұлтқа бөлініп, алалау деген болған жоқ. Құдайға мың тәуба, бүгінгі күні де Қазақстан атты бір шаңырақ астында тату-тәтті ғұмыр кешіп келеміз. Бізді бауырына басып, төрінен орын берген қазақ халқына айтар алғысымыз шексіз, – дейді ол.

1988 жылы Фаиза Габбасқызы қаладағы татар және башқұрт диаспораларының басын қосып, "Байрам" атты татар-башқұрт



ансамблінің құрады.

– Басты мақсат – келешек ұрпаққа тіліміз бен төл мәдениетімізді насихаттап, ұлттық құндылықтарымызды жаңғырту. Репертуарымызда халықтық өндер мен этникалық билеріміз бар. Сабантой, каргатой сияқты ұлттық мерекелерімізді тойлап, салт-жораларымызды сахналаймыз. Бүгінде ансамблдің құрамында 30-ға тарта өнерпазымыз бар, – дейді ұжым жетекшісі.

1993 жылы құрылған "Мрия" украин халықтық хоры да ұлттар арасындағы достықты нығайтуда белсенді рөл атқарып келеді. Шығармашылық ұжым көптеген қалалық және облыстық фестивальдердің лауреаты.

2000 жылы Рудный қаласының Құрмет кітабына енгізілген. Ал оның жетекшісі Раиса Гордиенко Украинаның Қазақстандағы Елшілігі мен Украинаның Мәдениет Министрлігінің алғыс хаттарына ие.

– Менің әке-шешем Тобыл өңіріне 1954 жылы тыңды игеруге келіп, осында өз бақытын тапты. Бауырмал қазақ халқы бізді өз туысындай көріп, жан-жақты көмек көрсететін. Мектеп оқушысы болсам да, барлығы есімде қалыпты. Осындай қонақжай, кішіпейіл халықпен бір елде тұрып жатқандығыма қуаныштымын. Біздің хор ре-

пертуарындағы 200 әннің 30-ға жуығы – қазақ тілінде, – дейді Раиса Федоровна.

Бұдан бөлек, "Ардагерлер хоры", "Калина", "Жадыра", "Соседи" сияқты ұлттық өнер ұжымдары да Қазақстан халқының ұлттық мәдениеті мен тамаша дәстүрін насихаттауда "бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығарып" еңбек етіп келеді. Достықты ту еткен кеншілер шаһары 60-тан астам ұлт өкілінің сүйікті Отанына айналды. Олардың барлығы туған қаласының жан-жақты өркендеуіне бір адамдай атсалысты және Тәуелсіз еліміз тұрғанда алдағы уақытта да дамыта беретіндігіне сенімдіміз.

Рудный қаласы.

● ЖАҢҒЫРЫҚ

Ұлы Отан соғысы жылдарында қостанайлықтардың көбісі таңнан кешке дейінгі уақытын егістік алқабында немесе жер жыртытын соқаның жанында өткізген. Тылдағы жұмыстың ауыр жүгін қарт кісілер, қыз-келіншектер, жас балалар арқалады. Барлығы да дамыл таппай, соғыстағы майдангерлерден артық болмаса, кем тауқымет тартқан жоқ. Совет әскері майданда



Атам айтқан естелік

тұрақтап тұруына, қолдан келгеннің бәрін жасады. Сондай еңбекқор жанның бірі менің атам – Көпжасар Әнуар Ахметсабырұлы.

Атам 1922 жылы 1 қаңтарда Қостанай облысы, Торғай уезі, 2-Науырзым болысының, Дәмді өзенінің бойында Көпжасар көңі деген жерде дүниеге келген. Руы – Тағышы, Әлдеке. Әкесі – Ахметсабыр, анасы – Маржан қарапайым ауыл адамдары. Әкесін мүлдем көрмеген, ал анасы дүниеден озғанда атам небәрі 5-6 жаста болған. Әкешелері ерте қайтыс болып, отбасында Әубәкір, Рәш, Жаңыл, Сәруәр, Зейнеп, Әнуар есімді бауырлары жетім қалады.

Соғыс басталмай жатып атам қиындық атаулыны жұдырықтай жүрегімен сезінді. Әкесінің інісі Баяхметтің үйін паналап, соның балаларымен бірге ауыр жұмысқа жегіліп, күндерін көреді.

1931-1933 жылдары бұл өңірге де ашаршылықтың аласапыран қайғы-қасіреті келген. Құдай басқа салған соң адам бәріне көнеді. Аштықтың ащы дәмін татқан жетімдер киер киімге, ішер асқа жарымаған.

Атам өзінің естелігінде "Бір үйде он шақты баламыз. Үлкен апаларымыз жұмысқа кетеді, біз болсақ күні бойы далада жүріп, масақ тереміз. Күн көтеріліп, шақырайып шыққан уақытта үйге қайтатынбыз, сонда тамаққа ұн шайқап беретін. Бір кесе ұнға су құйып қайнататын, су қайнаған сайын ұн қоюлана береді. Қарнымыз қатты ашатын. Кейде тары жейтінбіз. Бір туыстан екіншісіне көшіп жүріп аман қалдық" деп айтып отыратын.

1941 жылы соғысқа жарамды, дені сау адамдардың бәрін майданға алып кетті. Атамның ағасы Сәруәр әскерге шақыртылып, кейіннен хабар-ошарсыз кеткен. Одан кейін "Торғай таңы" газетінде Балқаш өңірінде жерленгені туралы ақпарат жарияланған. Апалары тұрмысқа шығып, Әубәкір мен Зейнеп ерте қайтыс болады да Әнуар атам жалғыз қалады. Апаларын сағалап жүріп, олар қайда көссе сонда барып, саналы ғұмырын колхозда еңбек етуге арнайды.

Денсаулығына және еңбек озаты болуына байланысты броньмен соғысқа бармай қалған. Кезін тырнап ашқаннан бері көргені бейнет болды. Бар ауыртпалықты мойнымен көтеріп, таңертеңнен кешке дейін егістікте жүріп, өгізбен жер жыртып, еңбек еткен. Қол қайшымен, қырықтықпен күніне 70-80 қой қырқып, аудан чемпионы атанған.

Осындай тынымсыз еңбектің арқасында Ұлы Жеңіс күнін жақындатуға үлес қосты. Атамның қажырлы еңбегі елеусіз қалмады. "Еңбек ардагері" және Жеңістің 50, 60, 65, 70 жылдық мерекелік медальдарын иеленді.

Атам 1966 жылы отбасын құрып, тұңғыш ұлы, менің әкем Қуандық, одан кейін 3 қыз тәрбиелеп, артынан ерген ұрпақтан немере, шөбере сүйді. Әнуар атам 2014 жылы тоқсан екіге қараған шағында дүниеден озды. Өмірден өтсе де біздің бойымызға сіңірген ұлтжандылық пен Отанға деген қамқорлық тәрбиесі ойымыздан өшпейтіні анық.

**Жадыра СҰЛТАНОВА,
тыл еңбеккерінің немересі,
Жарсуат негізгі мектебінің
қазақ тілі мен әдебиетінің мұғалімі.**

Мендіқара ауданы.

● ҚҰҚЫҚТЫҚ МЕКТЕП

Басты көрсеткіш – азаматтардың сенімі

**Гүлназым
САҒИТОВА**

Мемлекеттік қызметті атқару – мемлекет пен қоғам тарапынан сенім арту болып табылады. Сондықтан да қазіргі кезде мемлекеттік қызметшілердің әдептілік мінез-құлығына қойылатын талап жоғары. Мемқызметшілер өздерінің білімдерімен, күш-қайратымен, тәжірибесімен, кәсібилігімен Қазақстан Республикасына адал қызмет атқарады деп қоғам сенім артып отыр. Осы ережелердің бәрі өткен жылғы Елбасымыздың Жарлығымен қол қойылған Әдеп кодексінде қарастырылған.

– Кодекс қоғамның мемлекеттік органдарға деген сенімін нығайтуға, мемлекеттік қызметте жоғары мәдени өзара қарым-қатынасты қалыптастыруға және мемлекеттік қызметшілердің мінез-құлығының әдептілікке сай емес жағдайларды ескертуге бағытталған. Бүгінгі таңда азаматтардың құқығын қорғау мақсатында еліміздің барлық мемлекеттік органдары мен ұйымдарында сенім телефоны орнатылған. Осы сенім телефонына жұртшылықтан түрлі өтініштер, пікірден бастап ұсынымға дейін түседі. Кей кездерде мемлекеттік қызметшілердің я бюджет ұйымдарының

қызметшілерінің атына шағым түсіп жатады. Сонымен бірге азаматтардың мемлекеттік қызметке тұруы, өтуі және қызметін тоқтатуы туралы немесе сыбайлас жемқорлықтың алдын алу мәселелері бойынша өтініштеріне жедел жауап қайтару және кері байланыс механизмдерін жетілдіру мақсатында сенім телефоны 8-(7142)- 393-165 ҚР Мемлекеттік қызмет істері министрлігінің Қостанай облысы бойынша департаментінде де жұмыс істейді. Жұртшылыққа тиісінше ақпараттық және консультативтік көмек беріледі, – деді департамент маманы Болат Рүстем.

● 15 НАУРЫЗ – ДҮНИЕЖҮЗІЛІК

ТҰТЫНУШЫЛАРДЫҢ ҚҰҚЫҒЫН ҚОРҒАУ КҮНІ

Әділдік іздей білейік

15 наурыз – Дүниежүзілік тұтынушылардың құқығын қорғау күні. Халықаралық деңгейде 1983 жылдан бері атап өтіліп келе жатқан бұл мереке халықты өз құқықтарын білуге, мүдделерін заңға сүйене отырып қорғауға шақырады. Адамның белгілі бір дүниені таңдауда еркін шектелуі немесе кодексте көрсетілген қағидаға сәйкес, тиісті шараның қолданбауы қоғамда өзектілігін жоғалта қоймаған көкейтесті мәселелерге жатады. Бұл келеңсіздіктердің басты себептерінің бірі, әлбетте, өнімнің жасалуына, өтуіне және сатып алынуына қатысатын тараптардың заңды жетік білмейтіндігі. Оның азаматтардың пайдасы үшін қызмет ететіндігін жіті түсінсек, біз, сан түрлі әлеуметтік мәселелерді болдырмай та едік?! Күнделікті ортамызда орын алып жататын жаңсақтықтарға жайбарақаттық танытып жүрген соң, сатушы не өндірушілердің

қарапайым халықпен санасатындығы туралы айту әбестік болар. Бүгінде білместігіміздің салдарынан талай әділетсіздік қалыпты жағдайға айналып кеткен. Біз көпшілігімізге жақсы таныс бірекеуін саралап көрдік. Мәселен, сауда нүктелерінен «Тауар қайтаруға немесе ауыстырып алуға жатпайды» деген ескертулерді көзіміз шалып жатады. Алайда, бұндай хабарландырулардың заңдық күші жоқ. Мемлекетіміздің «Тұтынушылар құқығын қорғау туралы» заңының 3-бөлімі, 7-тарауының 7-тармағында «тұтынушы тиісті де, тиісті емес те сападағы тауарды айырбастап алуға немесе қайтарып беруге» құқылы деп жазылған. Әрине, заңда айырбастауға болмайтын заттардың тізімі де бар. Олар дәрі-дәрмектер, медициналық бұйымдар, шұлық өнімдері, ішкі киімдер, жануарлар мен өсімдіктер. Дегенмен, сіз осылар сатылмайтын орындардан

да аталмыш хабарламаны байқайтындығыңызға не дейсіз? Тағы бір мысал, сатушы тауарды сатудан бас тартып жатса, сіз ҚР-ның Азаматтық Кодексінің 387 бабының 3-тармағына сүйене аласыз. Өйткені, ұйымдардың сізге қайтарып беретін ақшасы болмағандықтан, сізге қызмет көрсетпеуге не басқа да себептерге байланысты сұранысыңызға жауап бермеуге хақысы жоқ. Бұдан бөлек, заңда супермаркеттердегі қауіпсіздік қызметкерлерінің сөмкеңізді тексеруге құқы бар, дүкенге балалардың бесік арбасымен кіруге болмайды, ондай жерлерде суретке түсуге рұқсат жоқ деген талаптар белгіленбеген. Сондықтан, әрбір тұтынушы ешбір шығынсыз әділеттілікке қол жеткізетін қарапайым жүйені жақсы меңгере білсе, тұрмыстық қиындықтарға кезігу жиілігі әлдеқайда төмен болар еді.

С.СӘЛІМЖАНҚЫЗЫ.

Тұтынушылардың құқығын қорғау күні



Біле жүріңіз!

Сіз Қазақстан Республикасының "Тұтынушылардың құқығын қорғау туралы" Заңы негізінде өз құқықтарыңызды қорғай аласыз

Шағымдану тәртібі

Сіздің сатушыға (орындаушыға, дайындаушыға) жазбаша түрде шағым беруге құқыңыз бар. Егер сатушы күнтізбелік 10 күн ішінде ақшаны қайтарудан бас тартса немесе шағымға жауап бермесе, тұтынушылардың қоғамдық бірлестігіне жүгініңіз. Олар дауды сотқа дейінгі тәртіппен реттеуге көмектеседі

Қызмет көрсету саласында туындаған мәселелеріңіз болса, Қостанай қаласындағы тұтынушылардың құқықтарын қорғау департаментіне жолығуыңызға болады. Сондай-ақ, сұрақтарыңыз бен ұсыныстарыңыз бойынша мамандармен 87142-54-26-95 қауырт желісі арқылы кеңесе аласыз

ФУТБОЛ

Әлібек
ЫБЫРАЙ

Футболдан Қазақстан Ұлттық чемпионатының Премьер-Лига командалары арасындағы 25-ші, мерейтойлық маусымы басталды. Жексенбі күні «Затобolec» стадионына жиналған халықта есеп жоқ. Маусымашар турдың ойынына келген жанкүйерлердің



Алғашқы ойын: өз-өз қарамастан

тең жартысына жуығы матчты тікесінен-тік тұрып тамашалауға тура келді. Ауа-райының қолайсыздығына қарамастан стадионға бірер сағат бұрын келген көпшілік «Тобыл»-«Ақжайық» арасындағы алғашқы кездесуді тағатсыздана күткені даусыз. Сағат тілі тура 15.00-ді соққанда командалар жасыл алаңда сап түзеп, ел әнұраны шырқалды. Осыдан соң бас қазы ойын басталғанын білдіріп, ысқырық шалды да ортаңғы нүктені нұсқады. Басталды. Биыл «Тобыл» командасының 85 процент құрамы өзгерген болатын. Саусақ бүгіп санамалап көрдік, қысқа оқу-жаттығу жиындары кезінде клубтан 14 футболшы кетіп, осынша ойыншы қостанайлық команданың жидесін киюге пейіл білдіріпті. Олардың арасында Сергей Хижниченко, Алассане Н'Диайе, Тимур Досмағамбетов, Альмир Мухиддинов, Дмитрий Мирошниченко, Чеапран Дяк, Арутас Жұлпа тәрізді тәжірибелі футболшылар бар. Бұл жолы қақпа тізгіні Логиновскийге сеніп тапсырылды. Жанкүйерлер, сөз жоқ, осы аталған ойыншылардың өнерін көруге келгені анық. Алғашқы таймда қос қарсылас бір-бірінің аяқ алысын аңдысып көрді. Қонақтар да оңай көне салатын қарсыластардың санатынан емес. Білікті маман Талғат Байсуфинов жаттықтыратын «Ақжайық» командасы

жоғары топқа енді оралса да, еңсесін биік ұстады. Тіпті, кей жағдайда оралдық аяқ-допшылар алаң иелеріне қарағанда батыл қимылдауға көшкен. Бірақ, көп ұзамай «Тобыл» футболшылары қонақтардың аяғын тұсап, алысқа ұзатқан жоқ. Екі команда ойынның алғашқы бөлігін теле-тең аяқтап, үзіліске шыққан. Нәтижені екінші тайм әкелді. Дмитрий Огай 68-ші минутта Фернандер Кассайдың орнына украиналық Константин Дудченконы алаңға шығарды. Арада бір минут өткенде Д.Мирошниченконың алға асырған пасына «Ақжайық» қорғаушыларынан бұрын жеткен. К.Дудченко оралдық команда қақпасының оң жақ бұрышын дәл көздеі білді. 1:0! Осы есеп матч аяқталғанша сақталды. Енді жерлестеріміз 19-шы наурыз күні «Атырауға» қонаққа барады. Ал, 3 сәуір күні Қарағандының «Шахтерін» қабылдамақ. Әзірге, қоржынға алғашқы үш ұпайды салған «Тобыл» турнир кестесінің төртінші орнына жайғасты. Сөйтіп, маусымашар сәтті басталды. Д.Огай шәкірттері алғашқы кездесудегі жеңісті жолын лайықты жалғастырады деген сенім зор.

Суретті түсірген Айбек ЖҮЗБАЙ.

«Әлеуметтік оңалтуды дамыту ғылыми-тәжірибелік орталығы» РМҚК
Қостанай қаласындағы филиалы
 - құлақ мүктілігінің деңгейін анықтау
 - есту протезін қолдану
ДС-ЖМ 10.00 - 16.00
 түскі үзіліс: 12.00 - 12.30
 Қостанай қаласы, 1 Май көшесі, 151
 Облыстық аурухана, №1 корпус, 11-ші каб.
 Тел. 8-777-998-23-42, 8-778-325-46-81



Жұмыс кестесі: сағат 8.00-ден 23.00-ге дейін
 Қостанай қ. Дулатов к., 89
 Тел: 8 (7142) 533-226, 8 705 460-86-00

4-9 наурыз күндері аралығында тәулік бойы қызмет етеміз

8 МАРТА
 Жеңілдіктің бір жыл бойғы жүйесі қарастырылған

Қызғалдақтар 400 теңгеден
 1 раушан - 600 теңге
 7 раушаннан бастап - 550 теңге
 15 раушаннан бастап - 500 теңге

Мәнерлеп оқудан сайыс өтті

Қазақтың басты құндылығы – тәуелсіздік. Биыл тәуелсіздік алғанымызға, яғни, Алаштың айбынын асырып, ата-баба армандаған күнге жетіп, жасампаздықтың даңғыл жолына түскенімізге 25 жыл толып отыр. Осы айтулы мерекеге орай, аудандық орталық балалар кітапханасының ұйымдастыруымен мектеп оқушылары арасында мәнерлеп оқудан III-ші аудандық «Сөз құдіреті» байқауы өтті. Әділ қазылар алқасының мүшелері сайыстың талабы бойынша, қатысушылардың тандап алған шығармаларына, мазмұнына, оқу мәнеріне, сөздің анық болуына, актерлік шеберлігіне, сондай-ақ, сыртқы келбеті мен сахна мәдениетіне аса мән беріп, тиісті бағаларын қойып отырды. Сонымен, байқау нәтижесі бойынша I-орынды Амантоғай ауылынан келген Елжан Көркем иеленіп, 22 сәуір күні Қостанай қаласында өтетін облыстық байқауға жолдама алды. Ал, 2-орынды Ы. Алтынсарин атындағы орта мектебінің оқушысы Жандос Сұлтанбеков пен Қарасу ауылынан келген Аружан Өтепбаева иеленді. 3-орынды Аманкелді орта мектебінің оқушысы Айым Бейбітқызы місе тұтты. Жеңімпаздар мен байқауға қатысушыларға мақтау қағаздары салтанатты түрде табысталды.

Зарина МҮСАБАЕВА,
аудандық орталық балалар кітапханасының менгерушісі.
Аманкелді ауданы.

Меншік иесі:

“Қостанай таңы” газеті редакциясы” ЖШС

Директор-Бас редактор
ЖАНҰЗАҚ АЯЗБЕКОВ

Директор-бас редактордың қабылдау бөлмесі: 54-12-66, факс: 54-99-69
 Директор-бас редактордың орынбасарлары: 54-84-44, 54-67-65
 Жауапты хатшы: 54-33-22
 Бөлім редакторлары: 54-79-68, 54-28-42

Бөлімдер:
 Қоғамдық-саяси, экономика: 54-79-36
 Әлеумет, білім, мәдениет: 54-28-42
 Социологиялық зерттеу орталығы: 54-53-21,39-26-25
 Жарнама бергіңіз келсе: 39-26-88



Бухгалтерия: 54-99-88, 39-26-88
 Компьютер орталығы: 54-54-45
 Корректор: 54-34-49

Меншікті тілшілер:
 Аркалықта: 7-55-91
 Рудныйда: 8-714-31-2-72-56
 Аманкелдіде: 2-17-40
 Жанкелдіде: 2-10-75, 5-00-02
 Сарыкөлде: 2-25-17

Редакцияның мекенжайы:
 110000, Қостанай қаласы, Өл-Фараби даңғылы, 90

Газетте жарық көрген оқырман пікірі редакция көзқарасымен сәйкес келе бермейді. Редакция оқырман хаттарына жауап бермейді, оны қайтармайды. Үш компьютерлік беттен асатын материалдар қабылданбайды. “Қостанай таңында” жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды. Жарнама мен хабарландырулардың мазмұны мен мәтініне жарнама беруші жауап береді.
 (А) – ақылы жарияланым.

Газет аптасына үш рет шығады. Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігінде 30.05.2012 жылы тіркеліп, № 12790-Ғ куәлігі берілген. Газет “Қостанай таңының” компьютер орталығында теріліп, беттелді. Офсеттік басылым. “Қостанайполиграфия” ЖШС баспаханасы. Мекенжайы: С.Мәуленов көшесі, 16. Бағасы келісім бойынша.

Таралымы 11695. Тапсырыс 575. Нөмірдің кезекші редакторы Қ.ДОСЖАНОВА.